

I тарау. Мүдделер тоғысындағы Жетісу

Көрші мемлекеттердің Жетісудағы үстемдік үшін егесі

Бірі батыстан, ал екіншісі шығыстан тартылған Орынбор және Сібір әскери бекіністер тізбегінің 18 ғасырдың соңына қарай солтүстікте өзара тоғысуы нәтижесінде Қазақстан батыс, солтүстік және шығыс жақ беттерінен қоршауға алынды. Шамамен 3 мың шақырым қашықтыққа созылған бұл шекаралық шепке арасы 25-30 шақырым 141 бекініс поселкалар орналасты. Ресей үкіметі бұдан кейінгі уақытта Батыс Сібір губерниялық әкімшілігі арқылы жүргізілген Орталық Азияға тереңдеп ену және онда біржола орнығу әрекетіне кірісіп кетті.

Түпкі стратегиялық мақсаты Орталық Азияны өзіне қарату болған Ресейдің бұл бағыттағы әрекеті, әрине, тек Жетісу арқылы ғана өріс алатын еді. Ал бұл кезде Жетісуды жара ағатын Іле өзенінің шығыс жақ бетінде қытайлықтардың ықпалы байқалса, батыс бетін Қоқан хандығы билеп төстеді. Жетісу үшін талас барысында бұл екі мемлекеттің де мүмкіндігін жақсы түсінген Ресей үкіметі, түптеп келгенде мәселенің толық шешімін табуы жергілікті халықтың көңіл-күйіне тәуелді екендігін дәл бағалай білді. Оның үстіне бұдан бұрын қазақ халқының Кіші және Орта жүз бөліктерін өзіне қаратып үлгірген орыс әкімшілігінің қазақ билеуші топтарымен өз мүддесі тұрғысынан жұмыс жүргізу тәжірибесі жеткілікті болатын. Сол тәжірибені пайдалана отырып генерал-лейтенант Глазенап басқарған Сібір әкімшілігі Жетісу билеуші топтарымен байланыс орнату мақсатында Сібірлік татар көпестерін іске қосты. Жетісу арқылы Ташкент, Бұхара әмірлігі және Хиуа хандықтарына барып қайтып жүрген татар көпестері Жетісудағы жағдай жөнінде орыс билік орындарына хабар жеткізіп қана қоймай, сонымен бірге қазақ билеуші топтарын Сібір әкімшілігімен өзара жақындастыру міндетін де қоса атқарды. Сондай-ақ бұл ойынға алдымен тартылған да Жетісу жеріндегі Абылай хан Үрпақтары Сөк, Еділ, Тезек сияқты сұлтандар шоғыры болды. Сібірлік татар көпестерінің белсенді араласуымен жүрген бұл өзара “мәмілегерлік” әрекет көп Ұзамай өз нәтижесін берді де. 1819 жылы 11 қаңтарда Ресейдің Министрлер Комитеті сұлтан Сөк Абылайхановқа қарасты ұлы жүз қазақтарының үйсін болысын Ресей құзырына қабылдау жөнінде Сыртқы істер Коллегиясын басқарушының баяндама хатын тыңдап, Сөк сұлтанды 1817 жылы жазған өтінішіне сәйкес оған қарасты 55 462 адамымен, осы елге тән 802 359 бас малымен империя құзырына қабылдау жөнінде шешімге келіп, бұл шешімді патшаның бекітуіне жолдайды. Өз ретінде император комитет ұсынысын бекіте отырып, Сөк сұлтан жібермек өкілдерді қабылдауға әзір екендігін білдіріп, қазына есебінен сұлтанға мешіт және үй салуға келісімін беріп, сондай-ақ жеке сібірлік корпус командиріне Сыртқы істер министрлігі арқылы әрбір жарты жылдан соң ханның қарамағындағы қазақтардың мал шаруашылығы жөнінде мәлімет жолдап отыруды тапсырады¹.

Бұл құжатқа байланысты көзге көріне бермейтін, дегенмен зер сала қарап аңғаруға болатын мынадай фактілерге көңіл аудару артық емес. Біріншіден, Ұлы жүздің үйсін болысын басқаратын Сөк сұлтанның өтінішін Министрлер Комитетіне жеткізіп отырған Батыс Сібір әкімшілігін басқарушы губернатор генерал-лейтенант Глазенап, яғни белсенділік соның қолында. Сұлтан мен үйсін болысын билеушілердің қолы қойылған құжаттың түп нұсқасы жоқ. Ал ол құжатта белсенділік кімнің тарапынан шыққандығы айтылуы әбден мүмкін ғой. Екіншіден, Министрлер Комитеті Глазенаптың Ұсынысы бойынша ұлы жүзбен арадағы мұндай өзара жақындасу ісіне атсалысқан Сөк сұлтан төңірегіндегі үйсін билеушілерімен бірге, сұлтанға “ықпал жасай білген” Семейлік татар көпестері Абдулғазы Гумиров пен Хамит Амировке он кластық чинмен қоса Анна лентасындағы алтын медаль, мұсылмандық заң жолдарын жеткізген аудармашы, титулярлық кеңесші Хасан Сейфламға Анна лентасындағы алтын медаль, ағайынды татар Сафар және Құрбанқұл Құрбанбақиевтарға да түрлі сыйлық белгілейді. Осы құжатта түрлі сыйлық алушылар тізіміндегі сұлтан қызметіндегі екі молла да, яғни Мусагит Микманов пен Абдулла Мыклюксев те аталады². Бұлардың да татар жұртынан болуы әбден ықтимал. Бұл іс жүзінде Жетісулық ұлы жүз қазақтарының бетін орыс әкімшілігіне бұру ісінде татар көпестері, дін және іс адамдарының екеуара атқарған делдалдық қызметінен хабар беретін фактілер болса керек.

Сұлтан Сөк Абылайханов өкілдерінің Петербургке патшаға барып қайтқандығы жөнінде құжаттық материалдарды біз кездестіре алмадық. Дегенмен, анығы сол, Жетісу қазақтарын Қоқан және Қытай ықпалынан ажыратып алу ісіне орыс әкімшілігі бұдан былайғы уақытта да зор мән берді. Генерал-лейтенант Глазенаптың орнына генерал-губернаторлық қызметке келген инфантериялық генерал Капцевич ендігі уақытта ант алу ісінде жеке сұлтанмен шектелмей, бұл процеске сұлтандар тобын тартты. Ол 1823 жылы орталық билік орындарына ұлы жүз сұлтандарының өздеріне қарасты халқымен Ресей империясының билігіне өтетіндігі жөнінде ант бергендіктерін жеткізеді. Ал 1824 жылы мамыр айында ұлы жүз қазақтарының “орыс тағына сенімділігін” білдіру ниетімен Петербургке °діл төренің Ұғдары барып қайтады³.

Міне бұл әрекеттердің астарында мемлекеттік және жеке бастық мүдделердің тоғысқандығы айқын. Мәселен, Ресей үкіметі Жетісуды өзіне қарату арқылы, біріншіден, қазақ жерін өзіне қосып алу процесін біржола аяқтаудан, сол арқылы, екіншіден, Орталық Азияға тереңдеп енуден, үшіншіден, Қытай мемлекетімен арадағы шекараны анықтай отырып, онымен сауда қатынасын бір қалыпқа салудан үміттенді.

Жетісулық сұлтандардың да белгілі бір мақсаттарды көздегені әрине, толық табиғи құбылыс. Біздің пайымдауымызша Жетісу сұлтандарының бұл мезгілде орыс әкімшілігіне ыңғай танытуына түрткі болған Қоқан хандығының Жетісу өңіріне орнатқан ауыр алым-салық тәртібі еді. Қоқан феодалдарының зорлығынан ыққан қазақ ауылдары көп жағдайда Қытай шекарасынан ары асып, бой тасалауға да мәжбүр болды. Қазақ ауылдарының

соңынан ере барған Қоқан елшілері Қытай билік орындарынан көшіп барған қазақтарды кейін қайтаруды талап етті⁴. Өз ретінде бұл жағдайды бақылап отырған Қытай үкіметі “Бұратаналардың өзара қақтығысулары үнемі болып тұратын жәйіт. Оған тәңір патшалығы ежелден араласқан емес,”-деген пікір білдіріп, шекарадан асқан қазақ ауылдарын “кері қайтарып тастау” жөнінде бұйрық береді⁵.

Жетісу жерінен қора-қора мал айдап кетіп отырған Қоқан билеушілерінің Қазақ ауылдарына салған алым-салығы жергілікті халыққа жеңіл тиген жоқтың. Ол жөнінде ұлы жүз албан ақыны Жанкісі Өтеміс өлеңінен мынадай жолдарды оқимыз:

Келі түбім деп алады,
Үшір зекет деп алады,
Қожақ зекет деп алады,
Айтайын десең Ұрады,
ұрмақ түгіл қырады.
...Алдына салып айдайды,
Ашулансақ байлайды,
Хакімі жоқ қазаққа
Теңдік жоқ деп ойлайды.
Ел ішінде ажарлы
Қыз, қатынды қоймайды,
Жақсыларды сөгеді,
Ат үстінен тебеді,
Жүрексініп отырмын,
Айтар сөзім көп еді⁶.

Жетісу қазақтарын билеп-төстеген Қоқан хандығы өз елшілерін орыс өкімет орындарына жіберіп, Жетісу жерін өз иелігі жариялап, Сібір әкімшілігі тарапынан байқалып отырған түрлі әрекеттерді тоқтатуды талап етті. Мәселен, 1825 жылы Ташкент құшбегі Қоқан ханы атынан Омбыға елшісі Сауытбек Сұлтанбековты аттандырып, оған Батыс Сібір генерал-губернаторына жолдаған хатын тапсырады. Ол хатта мынадай пікір айтылған еді: “Қадім замандардан бері Ертіс дариясының бергі жақ бетін біз, ал арғы бетін Ресей иемденіп келе жатқан еді. Енді соңғы алған мәліметтерге қарағанда орыстар Ертістен бергі жаққа өтіп, біздің діндестеріміздің жерінде құрылыстар жүргізуде. Осы жағдайға байланысты біздің ханымыз сіздердің өкілетті адамдарыңызға осы хатты жолдай отырып, бұл құрылыстардың себебін сұрауды бұйырды: Сіз бұл істі өз бетіңізше жасап жатырсыз ба, жоқ әлде жоғары мәртебелі патшаның бұйырығымен атқарып отырсыз ба? Өз үкімет орындарыма мәлімет беруім үшін мені осы мәселеге байланысты хабардар етуіңізді сұраймын”⁷.

Бұл хатта көңіл аударарлық жағдай қоқан-орыс қатынасына байланысты дін мәселесінің де көтерілуі еді. Ташкент құшбегі одан ары: “...Бұдан тысқары мағлұм етерлік нәрсе мынау: орыстар біздің мемлекетімізге сауда істерімен келіп жылдап қалып қояды, бірақ біз оларды дінімізге кіруге мәжбүрлемейміз. Олай болса, сіздер неге біздің діндестерімізді өз

сенімдеріңізді қабылдауға мәжбүр етесіздер? Алдыңызға бірер кісі мұқтаждықпен барса, сенім және дініңізге кіруді шарт етіп қоясыз! Бірер кісі көшіп баруға жай сұраса, тағы сол шартты қоясыз! Сізден осы айтылғандардың себебін маған мәлім етуіңізді сұраймын, өйткені біз дағы бұл әрекеттерге қарсы қажетті шара қарастырайық”⁸.

Хаттан Ташкент құшбегінің Ресеймен арадағы сауда қатынасында орыс әкімшілігі тарапынан түрлі зорлық-зомбылықтарға, әсіресе діни тәкаппарлыққа жол беріліп отырылғандығын ашық сынға алуы, оларды тыюға шақыруы байқалады. Дегенмен бұл арада Қоқан құшбегінің екінші жақты діни сенімді құрметтеуге шақыруы байсалды саясаттан гөрі, саяси ойынға жақын көрінеді. Өйткені, Қоқан әмірлерінің тура сол мезгілде бір діндегі қазақ пен қырғыз халықтарына жасап отырған қиянаты Исламның ешқандай да қағидаларына сәйкес келмейтін еді.

Омбы қалалық әкімшілігін басқаратын полковник Броневский Батыс-Сібір генерал-губернаторының тапсыруымен Ташкент құшбегіне жауап хат жолдайды. Онда: “Көп ғасырлардан бері Ұлы Ресей империясы қырғыз-қазақ халықтарына және солтүстік теңізден Қара теңіз аралығындағы үлкен-кіші тайпаларға билік жүргізіп келеді. Ал қазақ даласы сауда салығынан тысқары Қоқан әкімдеріне салық төлегендігін, оларға бой Ұсынғандығын ешкім де білмейді және бұл туралы мәлімет жоқ,”⁹ - деген пікір айтылады.

Батыс Сібір әкімшілігінің берген жауабынан Ресей үкіметінің қазақ даласына әскери бекіністер салып, одан әрі тереңдеп ене түсу пиғылынан бас тартпайтындығын, сондай-ақ Жетісу қазақтарының Қоқан билігіне тәуелді екендігін мойындамайтындығын ашық білдіру байқалады.

Сонымен, Жетісудағы Қоқан әкімдерінің зорлық-зомбылығының күшеюі, бұл мәселеде Қытай билік орындарының өздерін бейтарап ұстауы, ал қазақ қоғамының сырттан төнген қауіптен өз бетінше қорғану қабілетінің төмен болуы сұлтандар тобын Ресей үкіметінен қолдау іздеуге итермеледі. Оның үстіне 1822 жылы Орта жүз жерінде басталып кеткен әкімшілік-басқару реформасынан кейінгі уақытта Ресей Жетісу қазақтары үшін де іргедегі нақты әскери күшке айнала бастаған еді.

Жетісу мен Солтүстік Қырғызстанда Қоқан хандығы билігінің орнауы қазақ пен қырғыз халықтарының өзара қатынасына да жағымсыз ықпалын тигізді. Шамамен XIX ғасырдың 20-шы жылдарының басында қырғыздың солто, саруу атты рулары Қоқанға бағынудан бас тартып ығысып, қазақ жеріне, яғни Балқаштың батыс жақ беті, Іле өзенінің бойына көшіп келеді. Қоныс аударған қырғыздардың елінде қалған адамдары солто мен саруудың соңынан барғансып, көп жағдайда барымталап, жергілікті қазақтардың малын айдап кетіп отырған. Бұл жағдай екі елдің ара қатынасының бұзылуына алып келген еді. Соның нәтижесінде солто мен саруу бірер жыл қазақ жерінде тұрып, кейін қайта көшуге мәжбүр болған¹⁰.

Қазақ пен қырғыз ауылдары арасында орын алған мұндай оқиғалар жөнінде Н.А. Аристов қырғыздар тарихына арналған еңбегінде Батыс Сібір генерал-губернаторы П.М. Капцевичтің Шығыс Сібір генерал-губернаторына жолдаған хатына сүйене отырып мынадай факті келтіреді. 1824 жылы Ыстық

көл маңындағы қырғыз жұрты Омбыға үш би және беделді деген төрт құрметті адамдарынан тұрған өкілеттігін жіберіп, Ресей құрамына енуі қалайтындықтары жөнінде тілектерін білдіреді. Ал мұндай өтінішке түрткі болған негізгі себептердің бірі Ыстық көлдік қырғыздардың жоғарыда аталған Сөк сұлтан басқарған үйсін жұртымен арадағы қатынастарының шиеленісіп кетуі еді¹¹.

Барымталық қатынас Ресей империясының құрамына енген орта жүз қазақтарынан тыс жатқан ұлы жүз қазақтары арасында да орын алды. Ол жөнінде жұмыста сәл кейінірек сөз болады. Міне, осы жағдайдың бәрі қосыла келіп сұлтан Сөк Абылайханов бастаған ұлы жүз құрамындағы үйсін жұртын Ресей үкіметі тәртібіне өтуге итермелейді.

Сөк сұлтанның шамамен 1823-1824 жылдары тағы да жасаған жаңа өтініштерін негізге ала отырып, сондай-ақ бұл жағдайды Балқаш көлі өңіріне орнығып алу үшін пайдаланып қалуды көздеген Сібір әкімшілігі 1825 жылы мұнда подполковник Шубин бастаған әскер бөлімшесін шығарады¹². Бұл әрекетке бара отырып Сібір әкімшілігі алдына мынадай мақсаттар қойды. Біріншіден қазақ пен қырғызды өзара жарастыра отырып Ресейдің бейбіт пиғылда екендігін білдіріп, екі халық арасында өз беделін арттыра түсуді, екіншіден, ұлы жүз қазақтарын Орта жүзде енгізілген ресейлік басқару тәртібіне даярлауды және үшіншіден, Ресей үкіметінің Жетісудағы қимыл-әрекетіне Қытай билік орындарының көзін үйретуді көздеді.

Қаратал өзені бойына жеткен Шубин әскер бөлімшесі Сөк Абылайханов сұлтанға арнап үй, уақытша әскер адамдары орналасатын және азық-түлік сақтау үшін бірнеше шағын құрылыстар салады. Бұл жағдай бірден шекарадағы қытай әкімдерінің назарына шалынып, тез арада Петербургке Қытай үкіметінің наразылығы келіп жетеді. Ал Петербург болса өз жауабында Қаратал өзені бойындағы жерді Қытай мемлекетіне тиесілі жер санамайтындығын білдіреді. Бірақ бұл мезгілде Батыс Европадағы саяси күреске білек түрініп араласып кеткен Ресей үкіметі Қытаймен арадағы қатынаста орын алуы мүмкін шиеленіске барғысы келмеді. 1826 жылы ол Сібір басшылығына қазақ даласына тереңдеп еніп жаңа құрылыстар салуды тоқтатуды, ал Сөк сұлтанның Қаратал бойына бекініс салып, сыртқы приказ мекемесін ашу жөніндегі ұсынысынан бас тартуды және Қаратал бойындағы әскер бөлімшесін кейін шақырып алуды тапсырды. Салынған бірнеше құрылыс бұзылды¹³.

Осылайша орыс үкіметінің Жетісуға тікелей бет қою XIX ғасырдың 40-шы жылдарына шейін, яғни 20 жылдық мерзімге шегерілді деп айтуға болады.* Дегенмен бұл іске қатысы бар оқиға Жетісу мен Семейдің орта тұсы Аягөз өңірінде жүріп жатты. Жетісу казак әскерінің тарихына еңбек арнаған Н.Леденевтің көрсетуіне қарағанда, XIX ғасырдың 20-жылдарының соңына қарай Аягөз өзенінің бойында қоныс тепкен сұлтан Сарт Жошыұлы өзінің бақталасы Сыбанкүл Ханқожинмен егес барысында Батыс Сібір генерал-губернаторы Вильяминовқа өтініш білдіріп, Аягөз бойындағы өзіне қарасты жерден сыртқы округ ашып, Аягөз өзенінің бойына округтік приказ орталығын салуды ұсынады. Алғашында бұл ұсынысқа тосын қарап,

Қытай жағымен арадағы шиеленістен қаймыққан орыс үкіметі, көп кешікпей Сарт Жошыұлының жобасын қабыл алады.

* *Аристов Н.А.* “Қырғызы или кара-киргизы” атты еңбегінде: “Вероятно, этот китайский протест был одной из главных причин приостановки занятия земель Большой орды на двадцать лет”, (С. 473) - деп жазды.

Өйткені Сібір мен қытай қаласы Чугучак арасындағы сауда жолы бойында жатқан Аягөзде орын тебу, екі мемлекет арасындағы сауда қатынасын дамытуға қолайлы жағдай туғызатын еді. 1830 жылы Аягөз Сыртқы Округын құру жөнінде патша жарлығы шығып, келесі 1831 жылы қазіргі Аягөз қаласының орнында Аягөз Приказы орналасатын қазыналық үйлер салына бастады¹⁴.

Аягөз дуанының ашылуы белгілі дәрежеде Ресей империясының Жетісу өңіріне енуіне жеңілдік жасап, жол ашып берген оқиға болды. Орыс әскерінің Аягөз бойына келгенін естіген қытай билік орындары мәселенің егжей-тегжейіне көз жеткізу үшін, өз әскер бөлімшесін жібереді. Аягөзге келіп орыс әскерін көзімен көрген қытайлықтар, орыстардың “сұлтан Сарт Жошыұлының шақыруы бойынша”, оны басқа қазақ қарсыластарынан қорғау үшін келгендігін естіп, кейін қайтады.

Дегенмен орыс қолдарының Аягөз өңіріне келуі, бұл аймақтағы қазақ ауылдарының өзара барымталық есеп айыруларын тоқтата алған жоқ. Сыбанқұл Ханқожаұлының Сарт Жошыұлы ауылына және Чугучак пен Семей арасындағы сауда керуендеріне шабуылы күшейе түспесе, бәсеңдеген жоқ болатын. Н.А. Аристов Петербургте жарық көрген кітапқа сілтеме жасай отырып, Сыбанқұл Ханқожаұлының Сарт Жошы мен орыс керуендеріне жаулығының өрши түсуін оның аға сұлтандық лауазымға ілінбей қалуымен байланыстырады. Бұл өңірде мұндай күйге ұшыраған жалғыз Сыбанқұл емес-тін. Бауыры аға сұлтандықтан құр қалған Сартай сұлтан да енді ғана аяқ басқан жаңа билікке қарсылық көрсетеді. Бұл екеуін де орыс әскер адамдары тұтқынға алып, жер аударады¹⁵.

Қазақ қоғамына тән болған қазақ ауылдарының өзара тынымсыз барымталық есеп айырысулары, белгілі дәрежеде, Жетісу өңірінің орыс империясының құрамына енуін тездеткен факторлардың бірі еді. 1842 жылы өздерін Аягөз дуанына қарасты санайтын ұлы жүздің үйсін бөлігін басқарушы сұлтан Сөк Абылайханов, Тіленші Қарынбай және Бейбіт билер Сібір қазақтарының шекара бастығы Вишневский мен Батыс Сібір Генерал-губернаторы Горчаковқа арыз жолдап, мынадай жағдайды баяндайды: “Біз, Аягөз округына қарасты ұлы жүздік үйсіннің жалайыр бөлімінен 8-ші клас шенді сұлтан Сөк Абылайханов және басқалар басымызды ие отырып төмендегі жағдайды баяндаймыз:

Осы Аягөз дуанына қарасты аға сұлтан Бексұлтан Ағадаевтың қарамағындағы болыс басқарушы сұлтан Барак Солтыбаев өз билігіндегі адамдарымен және Садыр-Матай қарақшыларымен қоса санағанда барлығы 700 немесе 1000 адам қаралы қолмен ауылдарымызға баса көктеп кіріп, тонауға Ұшыратты. Менің Ұлым Әлғазы осы жауыздардың қолынан қаза тапты. Бәріміздің бірдей не малымызды, не мүлкімізді, не қазанымызды, не

киім-кешегімізді, бір сөзбен айтқанда ештеңемізді қалдырмай алып кетті. Осы жасалған шабуыл нәтижесінде мерт болған адамдардың санын айтудың өзі де қиын, жеріміздің бетін өліктердің тәні жапты, олардың арасында жас балалар да, әйелдер де көп. Бұл жөнінде оқиғаның ізін ала біз Аягөз дуаны приказына жеткіздік, бірақ оның қызметкерлерінен бізге ешқандай қайыр болмады, тек Шекара Бастығы Мырза рұқсат берген күнде ғана іске кірісетіндігін айтты да қойды.

Жоғары мәртебелім, алдыңызда басымызды ие отырып өтінеміз: біздің қолды болған мүлкімізді қайтару мүмкін болар ма екен? Өйткені қазір бізде өмір сүруге қажет не киім-кешек, не азық-түлік, не баспана жоқ; мұнымен қоса соншама көп адамдарымыз қаза тапты, сондықтан да бұл іс ұлы Мәртебелі Императордың заңы бойынша шешілсе деген тілегімізді білдіреміз, оған біз 1817 жылдан бері бағынғанбыз және осы мезгіл ішінде ешқандай да содырлық танытқан емеспіз. Қандай себептерге байланысты екендігі белгісіз генерал Капцевичтің кезінде Көксу немесе Қаратал жағасында сыртқы округ ашылатын болды деген сөзі сол болжам күйінде қалды. Биыл, яғни 1842 жылы біздің болысқа келіп қайтқан Шекара Бастығы Мырза, наймандар келіп малдарың мен мүліктеріңді шауып алып кетсе де, сендер оларға барымтамен жауап қайтармандар деген бұйырық берді. Оның бұйырығын орындап міне қазірге дейін ешқандай шарасыз тыныш отырмыз.

Енді қазір, шарапатты мырзамыз өзіңізбен жүздесіп, мәселені өз ауызымызбен айтып түсіндіруді жөн санап, қамқорлық жасауыңызды күтпекпіз! Олай болмаған күнде бізбен араз болыстармен арамызда жаулық және қантөгіс оқиғалар орын алуы әбден ықтимал! Ал біз Ресейге қарасты халықпыз.

Осы баяндалғанды куәландырып арызға өз мөрін қойғандар: Сөк Абылайханов сұлтан, билер: Тіленші, Қарынбай және Бейбіт”¹⁶.

Біз бұл арада Сөк сұлтан бастаған жалайыр билерінің арыз-хатының қазақшаға аудармасының тексін толық күйінде келтірдік. Құжаттардан байқалғандай, Омбы әкімшілігі Барақ сұлтанға қарсы ешқандай да шара қолданбайды. Тіптен ол кейін қызмет жағынан көтеріліп, приказдың аға сұлтаны дәрежесіне жетеді. Өйткені Б.Солтыбаев орыс әкімшілігі үшін өз адамы болатын. Ол жөнінде сәл кейінірек айтылады. Оның үстіне руаралық жаулық орыс әкімшілігі үшін тиімді еді. Хаттан қазақ ру-тайпаларының өзара қарулы қақтығысының ауыр зардабын байқау қиын емес. Құжатта ұлы жүз билеушілерінің тарапынан қойылған негізгі мәселелердің бірі, әрине, жалайыр тайпасы орын тепкен Көксу немесе Қаратал өзендері бойынан Сыртқы приказ ашу туралы еді. Тура осындай ұсынысты Сөк сұлтан бастаған жалайыр тайпасының басшылары келесі 1843 жылы 5 мамырда Сібір қазақтарының Шекаралық Бастығы полковник Вишневскийге жолдаған хатында тағы да білдіреді. Бұл хатта Жалайыр тайпасының Ресей құзырына өтуге тілек білдіруіне итермелеген басқа да себептер баяндалған мынадай жолдар бар еді: “...ант қабылданған уақыттан бері біз сұлтан, би және барлық қазақтар жоғарғы үкіметтен Қаратал өзені жағасында Округтік приказ ашуды өтініп келеміз. Бірақ ондай құрылыс әзірге салынған жоқ. Егер

ондай шара іске аспаса Ташкенттік билік (Қоқан хандығын айтып отыр - авт.) пен қара-қырғыздар, басқа халықтар барымта және басқа зиянды істерімен бізге тыныштық беретін емес. Соған байланысты біз сұлтан, би және старшындар өзіңден, қайырымды басшы ретінде Округтік приказ ашылғанға шейін өз өкілдігіңді белгілеп, Қаратал бойынан құрылыс салуыңызды, ал егер ол мүмкін болмаған күнде, бізді ташкенттіктер мен қара-қырғыздардың қысымынан қорғау үшін отряд жіберуіңізді өтінеміз. Отрядты азық-түлікпен қамтамасыз етуді өз мойынымызға аламыз”¹⁷.

1843 жылы жазылған бұл хат Қаратал мен Көксу аралығында үйсін ауылдарының жағдайының тым ауырлап кеткендігінен хабар берсе керек. Мәселенің мұндай сипат алуына осы ғасырдың 40-жылдарына қарай қоқандықтардың Жетісудағы белсенділігінің арта түскендігі де өз әсерін тигізгендігі анық. Мәселен, 1843 жылы ұлы жүз билеушілерінің бірі Ақымбек Абылаев қоқандықтардан көрген қысымын айтып орыс билігі құзырына өтуге әзір екендігін білдіреді¹⁸. 1845 жылы үйсіндердің ықпалды билерінің бірі Мәңке Нұрақов Ұлы жүздің албан, суан, шапырашты, дулат және сарыүйсін руларының Ресей билігіне өтуге ықылас білдіргенін жеткізу үшін Аякөзге келіп, жергілікті биліктен жанына тілмаш және басқа адамдарды қосып беріп, Омбыға жетуге көмектесулерін сұрайды¹⁹.

ұлы жүз қазақтары тарапынан түскен өтініштердің көбеюіне қарамастан Ресей үкіметі Жетісуға орналасу үшін шешуші әрекеттерге көшуге асықпады. Мұндай саясаттың ар жағында Қытаймен екі арадағы қатынасты шиеленістіріп алудан қаймығу жатқан еді. Батыс саясатындағы түрлі мәселелермен айналысуға мәжбүр болған, сондай-ақ ішкі экономикалық мүмкіндігі де шектеулі Ресей, Қытай сияқты мемлекетті өзіне қарсы қойып алудан жалтарды. Дегенмен, Ресей 1846 жылы өзінің Жетісу өңіріне қатысты саясатында сапалы жаңа қадам жасауға мәжбүр болды. Оған себепші болған Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың осы жылдың басында Жетісу жерін де қамтуы еді.

Кенесары хан Жетісуда

Лепсі келісімі. Кене хан әскерімен және ауылдарымен Жетісу жеріне келетін болыпты деген сөз Омбы әкімшілігіне 1842 жылы жеткен болатын. Бұл хабар оған өте жайсыз тиюінің мынадай бірнеше себептері бар-тын. Біріншіден, орыс әкімшілігінің әлі де болса Ресейге қосылып үлгірмеген ұлы жүз қазақтарының Кене хан соңынан еріп кетуі мүмкін-ау деген қаупі күшейе түсті. Бұл жағдай сөзсіз Ресейдің Орталық Азияға терендеп ену мүмкіндігін тарылта түсетін еді. Екіншіден, Жетісудың Кене хан қолына көшуі енді ғана Ресей үшін қолайлы сипат ала бастаған орыс-қырғыз қатынасына да жағымсыз ықпал етуі ықтимал болатын. Үшіншіден, бұл жағдай Ресейдің Қытай және Орта Азиялық хандықтарымен сауда қатынасына айтарлықтай нұқсан келтірері айқын еді. Міне осы баяндалған және басқа жағдайларды ескере отырып Сібір әкімшілігі 1842 жылдан бастап-ақ Жетісу мен қырғыз

елі арасында Кенесары ханға қарсы түрлі айла-шараға кірісіп кеткен болатын.

Енді осы айтылған пікірді аша түсетін бірнеше құжаттарға тоқталып өтейік. Сібір қазақтарының шекара бастығы полковник Вишневский 1842 жылы қазан айының 19-да ғ 16,17 Қарқаралы және Ақмола округтік приказдарына жолдаған хаттарында мынадай деп көрсетті: “Дошло до нас сведения, что султан Кенесары Касимов, состоящий в Оренбургском ведомстве, намерен обложиться, и из малой орды перейти в большую, кочующую за рекой Илей. Вследствие чего давая знать об этом окружному приказу, я предписываю ему принять деятельные меры, чтобы в случае, если Кенесары пойдет через Акмолинский округ, то чтобы употреблены были все средства к охранению наших киргиз от грабежа и малейшего между ними смятения, а если будет возможно то захватить самого Кенесару, за что исполневшему это будет сделано справедливое вознаграждение.

Возлагая это на личную и непосредственную ответственность окружного приказа, обязываю его о всех сведениях, какие будут получены о движении Кенесары мне доносить немедленно...”²⁰.

Полковник Вишневский араға екі күн салып Аягөз округтік приказына жолдаған хатында ”құпия бақылаулар орнату арқылы Кенесарының ұлы жүзге дәл қандай уақытта келетіндігі, оны қалай қарсы алатындығы, сондай-ақ оның бұдан былайға піғылы” жөнінде ақпар жинауды тапсырып, “ұлы жүз қазақтарының бізге деген жаулық ниетін сезе отырып Кенесарының оларды бізге қарсы айдап салуы ықтимал” деген тұжырым жасап, көктем шыға Лепсі мен Қаратал арасындағы Ресейге қарайтын қазақтарды қорғауға арнайы әскер бөлімшесі шығарылатындығын хабарлайды²¹.

Қазақ қоғамының ішкі өзара қатынасынан жақсы хабардар полковник Вишневскийдің* бұл арада халықты ”біздікі” және ”өзгеге” бөліп, олардың алғашқысын “достық”, ал соңғысын “жаулық” ниеттегілерге жатқызуы, әрине, жайдан-жай емес-тін. Келесі құжаттан полковниктің мұндай сұрқия ойынға білек түріне кіріскендігі анық байқалады.

“21 октября 1842 года. №3031. Старшему Султану Бексултану Агадаеву.

... По полученным мною сведениям... султан Кенесары Касимов намерен отложится из Оренбургского ведомства и пробратся в Большую Орду, а как киргизы той Орды и без того беспокоют наши волости, Султан же Кенесары по известным его дурным качествам, вероятно тоже их будет потому подговаривать, то считая нужным предуведомить Вас об этом почтеннейший Султан, прошу предупредить волости наши особенно кочующие за Лепсой до Каратала, чтобы они были осторожны и приняли бы меры не допускать делать себе обид, с наступлением же весны, я опять пошлю на Лепсу значительный отряд дабы мог защищать волости наши от всяких покушении со стороны киргиз Большой Орды.

Между тем прошу Вас почтеннейший Султан стараться секретно разузнать, точно ли прибудет Кенесары в Большую Орду? Как он будет там принят? И какие его намерения? И обо всем что только будете узнавать, уведомляйте меня подробно, отправляя с нарочным конверты на эсаулу Нюхалову, для

пересылки ко мне, для токовой же общей пользы я полагаю Вы можете употребить и Султана Барака, как известного мне своею преданностью и защитою наших киргиз и я надеюсь, что Вы, навсегдашней преданности правительству и заботливости о пользе народа, не упустите ничего неприятию мер, удерживания надлежащего спокойствия, тишины, за что мне приятно будет ходатайствовать для Вас у начальства, достойной награды, а равно поощрения и для султана Барака. Подписал полковник Вишневский”²².

Шекара бастығы Вишневскийдің қолынан шыққан бұл құжаттан хат иесінің Кене ханның “екі жүз рулары арасындағы алауыздықты пайдаланып кетуі ықтимал деп” қауіптенуінен, шын мәнінде олардың арасындағы жер және мал үшін болып тұратын өзара талас-тартысты ушықтыра түсу ниеті бар екендігін аңғару қиынға түспейді. “ұлы жүз қазақтары онсыз да біздің болыстарымызды мазалауда”, әсіресе “Лепсі мен Қаратал

*Полковник Вишневский араға көп уақыт салмай генерал-майор әскери дәрежесін алады. Өйткені ол өзін империяның қазақ жеріндегі құйтырқы саясатын жүргізуде “бағалы маман” ретінде көрсетіп үлгірген еді.

арасындағы біздің болыстарға абай болуды ескертіп, өздерін басындырмайтындай шаралар қарастыруды” тапсыруы, “көктемге қарай көмекке үлкен отряд шығарып, өзіміздің болыстарды ұлы жүз қазақтары тарапынан болуы мүмкін қастандықтан қорғайтын” жағдай туғызуға уәде береді.

Сондай-ақ бұл хатта полковник Вишневский Кене хан және ұлы жүзбен “күресте” өзінің кімдерге иек артатындығын да ашық білдіреді. Ол әрине аға сұлтанның өзі мен болашақ оның орнын басатын, шекаралық Орта жүз болыстарының “қамқоршысы” сұлтан Барақ Солтыбаев. Бір ескерерлік жағдай осы хатта және басқа құжаттарда Вишневский сұлтан Б.Солтыбаевты өзіне аса сенімді адам ретінде атайды. Бараққа және басқа “үкімет пен халық мүддесіне” қызмет жасағандарға басшылардан лайықты сыйлықтар сұрайтындығын да ескертеді.

Оқиға көп күттірген жоқ. Араға бар болғаны бір айға жетер-жетпес уақыт салып, Лепсі мен Қаратал арасындағы күзетте жүрген Вишневскийдің әскер бөлімшесінің қолдауына сүйенген Барақ Солтыбаев сұлтан қараша мен желтоқсан аралығында Қаратал бойындағы Сөк Абылайханов билеуіндегі жалайыр болысына барып, ойран салды. Жоғарыда баяндалғандай сұлтанның қанды жорығына мыңға жуық адам қатынасты²³. Билік орындары тарапынан қоштау болмаса, мұнша адамның атқа қонуы, әрине, мүмкін емес-тін. Жәбір көргендердің арыз-хатында баяндалғандай, олардың ауылдары орналасқан жер үстін өліктердің тәні жапты. Бұл әрине билік орындарының қолдауына сүйенген содырлардың еркінсуі еді. Құжаттарда берілген фактілерді талдай отырып Сөк сұлтан қарауындағы ауылдарда орын алған бұл трагедияның бір ұшы келіп шекара қазақтарының бастығы полковник Вишневскийге келіп тірелетіндігін байқауға болады. Орыс әкімі бұл шараны, белгілі дәрежеде, бір жағынан орыс билігіндегі қазақ руларының қандай күшке ие болатындығын, екінші жағынан әлсіреген, сынған жалайыр тайпасының орыс билігіне

үрейлене қарап, қолтығына кіре түсуі үшін ұйымдастыруы да әбден ықтимал еді. Біз қарап отырған мезгілде Вишневский сияқты шекара бастықтарының бағындыру арсеналында мұндай әдіс-айланың болуы мүмкін екендігін ең жоғарғы шенеуніктердің қолынан шыққан құжаттардан да байқауға болады. Сондай құжаттардың бірінде 1846 ж. 9 тамызда (2312) канцлер граф Нессельроде Соғыс министріне Жетісудағы саяси жағдайға байланысты: “...вообще усиление средств в местах, ближайших к кочевьям киргизов Большой Орды, тем необходимее, что с одной стороны служат к вашему обеспечению наших округов Средней орды, а с другой могут благотворно действовать и на умы киргизов Большой орды, которые видя наши средства и достаточную силу, чтобы отразить всякие злонамеренные покушения, через это самое более будут держать себя в границах должного повиновения и избавят правительство от дальнейших действия...”²⁴, - деп жазды.

Ресми құжаттарда қазақ жеріндегі берекесіздікті жойып, әділеттік орнаттым деп масаттанатын орыс билігі жоғарыда баяндалған трагедияны тексерусіз қалдырды, ал оны ұйымдастырушылар мен орындаушылар жауапқа тартылудың орнына қызмет бабымен өсті. Вишневский келесі жылы жоғарғы биліктен генерал-майор атағын алып, Кенесары ханға қарсы Сібір әкімшілігі тарапынан ұйымдастырылған шараларға тікелей басшылық жасады. Генерал-майор Вишневский өзінің сыбайласы сұлтан Барақ Солтыбаевты да “қамқорсыз” қалдырған жоқ. Өз ретінде ол түрлі “ерліктері” үшін хорунжий әскери атағын алып, Аягөз приказының аға сұлтаны дәрежесіне көтерілді²⁵.

Өкінішке орай біз бұл арада шенеунік Вишневский мен феодал Солтыбаев араларындағы “жекжаттық” қатынастың жай-жапсары жөнінде ештеме айта алмаймыз. Бірақ бұл тарихи кезеңде қазақ ауқаттыларының өзара бақталастық күресте орыс әкімдеріне пара беріп өз ісін бітіріп алуы, әдетке айнала бастаған еді. Тура осындай жағдайға байланысты найман болысының сұлтаны Сыбанқұл Ханқожин Николай I патшаға жазған хатында қазақтардың өзара барымтадан және оған орыс әкімшілік орындарының түрлі қаскөйлік пиғылмен араласуы нәтижесінде отырған орындарынан басқа жаққа көшіп кетулеріне байланысты өз пікірін білдіре келіп: “...киргизы откочевывают потому, что некоторые просят господина генерала прислать к ним военный отряд для разбора военных споров, но когда прибывают отряды, то начальники берут от киргизов взятки, захватывают от ответчиков скот и имущество и, ничего не сделав по решению дел, возвращаются к себе, после чего доносят генералу, что киргизы скрываются потому, что виновны. От этого киргизы приходят в бедное состояние и, не находят средств к существованию, занимаются барантой и воровством, отчего друг друга разоряют,” -деп көрсетеді.

Сонымен Кене хан өз қолдары және ауылдарымен Жетісуға 1846 жылдың басында келді. Ал орыс әкімшілігі жергілікті қазақ ауылдары мен оларға көрші қырғыздарды “тәкаппар” сұлтанға қарсы көтеру әрекетін 1842 жылдан-ақ бастап кеткен еді.

Орыс әкімшілігімен егестің ұзаққа созылып кетуі, оның үстіне қарулы әскері мен соңына ерген ауылдардың шаруашылығы мен күнделікті тіршілік қамын

ұйымдастыру ісі және оларды қажет бұйымдармен қамтамасыз ету азабын басынан өткізіп, қалжыраған Кене хан Жетісу жеріне әбден шаршап-шалдығып жеткен еді. Ол жөнінде М.Н. Венюков "...Загнанный русскими отрядами на крайний юг степи, он встретил здесь новых противников-каракиргизов, и ими был погублен окончательно"²⁶, - деп жазды.

Түрлі құжаттарда кездесетін деректік материалдарды салыстыра отырып, Кене ханның Жетісуға бет бұрғанда мынадай екі мақсатты көздегенін байқауға болады. Егер ісі сәтті жүрсе, ұлы жүз қазақтары мен қырғыздардан құрылған жасақтармен біріге отырып Жетісу, Солтүстік Қырғызстан және Шу бойын Қоқан үстемдігінен босатып, осы өңірге орнығып, өз әрекетін одан ары жалғастыру еді. Ал егер бұл әрекеттен ештеме шықпаған күнде, Ресей билігі орнаған территориядан ұзап, Қытай құзырындағы Шығыс Түркістанға ойысу еді.

Жетісу жұрты Кене ханды қалай қарсы алды? Осы мәселеге қысқаша тоқталып өтейік. Бұл сауалға біржақты жауап беру оңайға түспейді. Дегенмен, тарихи деректерді тексере отырып мынаны байқауға болады. Жетісуға келгенге шейін-ақ Кене хан мен оның әскері, жанына ерген батырлары жөніндегі хабар, дақпырт қазақ даласына кең тарап, аңызға айналып үлгірген еді. Соған байланысты халық арасындағы оның беделі аса жоғары болғандығы еш күмән туғызбайды. Ал ел билеген төрелер мен малды байлар жөнінде оны айту қиын. Олар Кене хан әскері келсе малымнан, тыныштығымнан айырыламын деп қорықты. Бұл ретте Жамбыл ақынның естелігіндегі "Ол етекпен алған "иттерден" жеңілді ғой. Қазақтың алауыздығы оңған ба? Кенесарының тілеуіндемін деп жүрген байлардың, төрелердің барлығы да патша әскеріне болысып кетті, елдің ішіне іріткі салды"²⁷, - деген пікірдің шындықтан тым алшақ еместігін байқауға болады.

Қара халықтың көңілі Кене хан жағында екендігін орыс әскер адамдары да жақсы білген. Мәселен, Жетісудағы Кенесары қимылын бақылау үшін қойылған есауыл Нюхалов өзінің басшыларына берген есебінде: "Әли мен Сөк сұлтандар көмекке қанша қарулы қазақ бере алатындығы белгісіз, олардың сөзі бұлыңғыр, менің өзім де олардан мүмкін болғанша аз адам алмақ ниеттемін, өйткені бұл халық біз үшін жаңа болғандықтан әлі бейтаныс, сенімсіз, сондай-ақ бұлардың арасында Кенесары сұлтанға деген ықыласы жақсылары көп екендігі маған мәлім"²⁸, - деп жазды.

1845 жылдың қысын Қаратау маңында өткізген Кене хан әскері және ауылдарымен келесі 1846 жылы, шамамен көкек айында Іледен өтіп, Көксу өзені бойындағы Майтөбе және Күренкей атты мекендерге келіп тоқтайды²⁹. Бұл Сөк сұлтан билігіндегі негізінен жалайыр тайпасының ауылдары еді. Кене хан келіп орналысқан соң, оған амандасуға келгендердің алдында, әрине, жергілікті жұрттың басшылары Абылайханов Сөк сұлтан, Әділов Әли сұлтан, соның алдында ғана Омбыда болып қайтқан Нұрақов Мәнке би³⁰ және басқа негізінен жалайыр жұртының бас көтерерлері бар еді.

Бұл арадан Кенесары өз адамдарын Лепсі бойындағы болыстарға, Тарбағатайға аттандырып, өзін қолдауға шақырады³¹.

Кенесары әскерінің Аягөз округының іргесіне келіп орын тебуі, әрине, сібірлік орыс басшылығының мазасын алғандығы анық. Н. Леденев “Кенесарының Аягөз округіне жақын келгені жөніндегі хабардың Омбыда үрей туғызғандығын”³², - айтады. Шекара қазақтарының бастығы генерал-майор Вишневский есауыл Нюхаловқа жолдаған хатында “Кенесары Жетісуда тұрғанда мұнда тыныштық, әрине, орнамайды, ал егер оған кішкене ғана табысқа жетуге жағдай туғызсақ, онда тек үйсіндер ғана емес, сонымен бірге біздің матайлық болыстарымыз да соған барып қосылары хақ”³³, - деп көрсетті.

Жетісудағы өз ықпалына қауіптің төнгенін терең түсіне отырып, Сібірлік басшылық орталық биліктің тікелей қолдаумен жедел әрекетке көшті. Генерал-майор Вишневский 1-ші маусымға Лепсіге Аягөз округіне қарасты болыс билеушілерін, Аягөз, Қарқаралы және Көкпекті приказдарының аға сұлтандарын, сондай-ақ 1845 жылы мамыр айында Ресей билігіне кіруге ықылас білдіріп өтініш жазған³⁴ үйсін және дулат руларының билеушілерін шақырды. Бірақ Вишневский төре белгілеген жиналыс Лепсіде 1 маусым күні болмай қалды.

Мәнке би ұлы жүз билеушілерінің 1-ші маусым күні Вишневский белгілеген жерге келмей қалуын ел арасында байланыстырады³⁵. Ал шын мәнінде мәселе анағұрлым күрделірек еді. Кене ханның әскері және соңына ерген ауылдарымен Жетісу жеріне келуі ұлы жүз рулары арасында терең қобалжу туғызған болатын. Ондай қобалжуды алғашқы айларда ел билеуші төрелер мен бай-билер де бастарынан кешірді. Соған байланысты ел арасынан бір-ауыздылық кетті, елдің пікірі екіге жарылды.

Ұлы жүз, оның ішінде Жетісу елі арасында байқалған бұл көңіл-күй белгілі дәрежеде генерал Вишневский арқылы Омбы генерал-губернаторлығына да жеткен еді. Сібір әскер корпусының командирі князь Горчаков тура осы жағдайға байланысты өз тұжырымын 1846 ж. 24 маусымда Соғыс Министріне жолдаған есебінде былайша білдірді: ”...Қаратауға (бұл арада Горчаков Қаратауды жалпы ұлы жүздің жері ретінде алып отыр-авт.) келген Кенесарының әрекеті және оны таяуда ғана Ресейдің қамқорлығын сұрағандардың (ұлы жүз руларын айтып отыр - авт.) іш тартып қарсы алуы біздің ұлы жүз қазақтарымен ара қатынасымызды тым күмәнді жағдайға тіреп отыр.

Мүмкін, қазір де көптеген округтардағы сұлтандар арасында құпия қолдаушылары бар Кенесары арқылы ұлы жүз қазақтары солардың көмегімен болашақта бізді қазақ даласынан біржола қуып шығудан үміттенбесе де, әзірге біздің қарудың күші шекелеріне тие қоймаған бұл тайпалар өздеріне тән жеңіл ойлықпен ең болмаса арзан да бай олжаға кенеле қояйық деген пікірде болуы да ықтимал.

Бұдан ары генерал-губернатор соғыс министріне “азиаттармен жемісті келіссөз жүргізудің ең сенімді әдісі үрей туғызу” екендігін айта келіп, “егер ... Ұлы жүз қазақтары Кенесарымен одақ құрып шабуылдай бастаса”, онда өзінің не істейтіндігін императордан сұрауды, сондай-ақ одан “Кенесарыны

алғашқылардан болып қолдаушыларды” “өз ауылдарында” жазалауға рұқсат әперуді өтінеді³⁶.

Лепсі кездесуіне қайта оралайық. Бірнеше күнге созылған бұл кездесу 1846 жылы шамамен 19-23 маусым аралығында Лепсі өзенінің жоғарғы ағысы бойында өтеді. Құжаттардың көрсетуіне қарағанда бұл Орта жүздің үш округтары (Қарқаралы, Көкпекті және Аягөз) және ұлы жүз ру басы сұлтандары мен ел билеушілерінің басын қосқан үлкен жиналыстың күн тәртібінде бірнеше мәселе тұрды. Олардың ішіндегі ең негізгілері, әрине, біріншіден ұлы жүзді Ресей құзырына қабылдау жөніндегі орыс патшасының жарлығын жиналғандарға жария ете отырып, ұлы жүз билеушілерінен ант қабылдау және екіншіден (бұл орыс әкімшілігі үшін әрине негізгісі) Жетісу және ұлы жүз жеріне келген Кенесары Қасымұлына қатысты ел басшыларының пікірін біліп, мүмкін болса оларды хан мен оның әскеріне қарсы қою еді.

Генерал Вишневский жиналысты, әрине, Ресей императорының ұлы жүзді Ресей құзырына қабылдағандығы жөнінде жарлығымен жиналғандарды таныстырудан бастады. Ондай шешімнің болғандығы жөнінде генерал Вишневский Мәнке биге сол 1846 жылы 7 маусым күні хабарлайды³⁷. Біз архив қорларынан, құжаттық жинақтардан орыс патшасының ұлы жүз қазақтарын Ресей империясы құрамына қабылдағаны жөніндегі жарлық тексін кездестіре алмадық. Демек, ондай жарлықтың болмауы да ықтимал. Олай дейтініміз мемлекеттік канцлер Нессельроде 1846 жылы 16 көкек күні ұлы жүздегі саяси жағдайға байланысты патшаға жолдаған баяндамасында, Омбыға ұлы жүз билеушілерінің бірі Әділев Әли сұлтаннан Нұрақов Мәнке би бастаған өкілеттіктің империя құрамына алу туралы өтінішпен келгендігін, сондай-ақ оларға князь Горчаковтың (Батыс Сібір генерал-губернаторы) жағымды жауап бермегендігін және губернатордың бұл позициясын императордың қолдауын өтінген³⁸. Ал бұдан кейінгі екі ай ішінде ондай шешімнің қабылдана қою, әрине, екі талай еді. Демек Лепсі кездесуінде орыс патшасының ұлы жүзді Ресей құзырына қабылдағаны жөніндегі мәлімдеме жасап, генерал Вишневский таза саяси алаяқтық жолға түсуі әбден мүмкін. Бұл қадамға бара отырып ол жалғыз мақсатты, яғни Кене хан тарапынан төнген қауіп жағдайында Ресей мен ұлы жүз арасындағы қатынаста шұғыл бетбұрысқа қол жеткізуді көздеуі әбден мүмкін еді.

Жиналғандар, әсіресе Ұлы жүз билеушілері бұл хабарды жақсы қарсы алғандығы анық. Өйткені орыс билігі мен қаруы нақты күш екендігін, олардан бүкіл қазақ жұрты ерлігіне сүйсінген Кене ханның өзі де ығатынын, ығыса отырып оның ең ақыры осында, Жетісуға келгенін жиналған ел басылары іштей түсінетін. Жиналғандардың ойына бір сәт ру мен ру, ауыл мен ауыл, көрші қырғызбен арадағы жер мен мал үшін таусылмайтын жанжалдан, ең ақыры жылда қылышын сүйретіп келіп алым-салық жинайтын Қоқанның зорлығынан осы орыс билігі мен қаруына сүйене отырып құтылуымыз мүмкін-ау деген пікірдің келуі әбден мүмкін. Осы үмітке май құя түскендей басты хабарды айтып үлгіре салысымен, генерал Вишневский кеңеске жиналған апайтөс дала шонжарларының біразына орыс патшасы

атынан сыйлықтар үлестірді. Басты сыйлық ұлы жүз сұлтандардың ішіндегі жасы үлкені және ықпалдысы, қалың дулатты билейтін Абылайханның немересі Әділұлы Әли төреге тиді. Оған орыс патшасы атынан подполковник әскер атағы және Андреев лентасындағы алтын медаль берілді. Бұдан басқа біріне Александров және бесеуіне Анна лентасындағы тағы алты алтын медаль, сондай-ақ түрлі ленталар басқа да ұлы жүз билеушілерінің мойнына тағылды. Тағы бір Анна лентасындағы алтын медаль осы кездесуді даярлау ісінде “тер төгіп” қызмет көрсеткен Аягөз округі приказының заседателі Бекқожа Жүсіпбаевқа берілді³⁹.

21 маусым күні кездесуге келген Аягөз, Көкпекті және Қарқаралы округтері аға сұлтандарының, ұлы жүздің дулат, албан, суан, шапырашты және жалайыр руларының сұлтан және билерінің, сондай-ақ жиналған көп жұрттың алдында ұлы жүз қазақтарын орыс билігіне қабылдау салтанаты болып өтті. Осы оқиға жөнінде жазған Леденев Н. бұл шараның екі бөліктен, яғни ұлы жүздің Ресей құрамына қабылданғанын ресми түрде жариялаудан және “ұлы жүздің халық көсемдерінен Кенесарыны өз жауым деп санайтын міндеттеме алудан” тұрғанын жазады⁴⁰.

Осы арада мынадай жағдайға көңіл аударуға тура келеді. Лепсі кездесуіне қатысқан Орта жүз және ұлы жүз билеушілері, мазмұны жағынан өзара айырмашылығы бар, міндеттемеге жақын екі құжатқа қолдарын қойған. Олардың алғашқысына қол осы 1846 жылдың 19 маусымында, ал соңғысына маусымның 23-де қойылған. Кездесуге қатысқан қазақтың екі жүзін билеушілерінің ортақ құжатқа емес, бөлек құжаттарға, сондай-ақ бір күнде емес, араға үш-төрт күн салып қол қоюларының арғы астарында қандай сыр жатқанын болашақта анықтай түсу, әрине, артық болмас еді.

Қысқа ғана осы құжаттардың мазмұны жөнінде. Қарқаралы, Аягөз, Көкпекті округтарының аға сұлтандары мен болыс басқарушылары Сібір қазақтарының шекара бастығы генерал-майор Вишневскийдің қатысуымен өз қолдарымен 19 маусымда бекіткен алғашқы құжатта өздеріне мынадай міндеттеме алады: “...1) Қарқаралы, Аягөз және Көкпекті округтерінің халқы өзара бейбіт қатынаста болып, заңға қайшы келетін тонаушылық, барымта және ұрлық әрекеттер жасамайды. 2) Билік орындары орнатқан заңға әрқашанда мойынсұнатын болады. 3) Болыстардың бірінде жыртқыш қазақтар тобы шыға қалса әркім де ол жөнінде жақын көшіп жүргендерге айтып, ескертіп және бәрі бірігіп, бірауыздан жыртқыштар тобын жоюға жұмылып, болған істі Ресей үкіметіне хабарлайды...”⁴¹.

Аталған округтерге қарасты болыстардың ішкі өміріне қатысты бес баптан тұратын бұл құжаттың ең өзекті бабы осы үшіншісі еді. Ол баптың Кене хан әскерінің осы төңірекке жақын келіп, хан адамдарының Орта жүз округтеріне келіп қайтуына байланысты, орыс билігіне қарсы туып кетуі ықтимал бүлікті қайткенде де болдырмауға тырысу пиғылынан шыққандығын жеңіл-ақ байқауға болады.

Араға үш күн салып, яғни 23 маусым күні ұлы жүз билеушілері қол қойған келесі құжатта патша әкімдерін мазалаған бұл пікір ешқандай да бүкпесіз ашық айтылған еді. “1846 жылы маусымның 23-ші күні ұлы жүз руларының

төмендегі аты-жөні аталған сұлтандары мен билері жалайыр, дулат, албан, суан, шапырашты атынан мынаны айту үшін өз мөріміз бен тамғамызды қойдық: Қарқаралы, Аягөз және Көкпекті округтерінің аға сұлтандарымен кеңесе отырып бірауыз шешімге келген, сондай-ақ шекара бастығы генерал-майор және кавалер Вишневскийдің қатысуымен біздің жаққа келген бүлікшіл сұлтан Кенесары Қасымұлы мен оның пікірлестерін берік сеніммен жалпы халықтық тыныштықты бұзушы біздің жауымыз санап, онымен ешқандай-да қатынас жасамай, Кенесары мен оның пікірлестерінің біз тұрған жерден кетуін талап етеміз. Қазір, сондай-ақ ол бізден ұзаған соң да егер оның Орта жүз қазақтарына, әсіресе жақын маңдағы округтердің қазақтарына қарсы жаулық әрекетін байқап немесе естіп қалсақ, онда тура сол сәтте бүлікшілдің қастық қимылдарына жол бермеу мақсатында хабар береміз”⁴². Міндеттемеге Сөк Абылайханов және подполковник сұлтан Әли Әділов бастаған барлығы 11 сұлтан, 27 би мен 1 молла қолдарын қойған. Олардың арасында белгілі төре тұқымдарынан басқа Сары Алтайұлы, Дикамбай Қапсаланұлы, Тіленші Балпықұлы, Бейбіт Кенбабаұлы, Қотыраш Өмірұлы сияқты жалпы елге танымал тұлғалар да бар еді.

Бұл мұрағаттық құжаттың бұдан брын зерттеушілердің назарына түскенімен, бірақ арнайы ғылыми талдауға алынбағаны, әрине, өкінішті-ақ. Өйткені оның астарында қым-қиғаш мүдделерден тұратын күрделі өмірдің табы жатыр. Лепсі кездесуінің қорытындысы болған бұл құжат белгілі дәрежеде Жетісуға жеткен Кене хан қозғалысының қайғылы тағдырын біржола шешумен бірге, Жетісу мен ұлы жүздің өмірін орыс мемлекетінің доңғалағына біраз мерзімге мықтап байлап та берді. Осы тұжырымға келе отырып, аталмыш құжаттың зерттеушілер тарапынан әлі де болса талдана түсуге лайық екендігін айта кеткенді жөн көреміз.

Сонымен біз жоғарыда Лепсі келісіміне қол қойған ұлы жүз кісілерінің біразын атадық. Ал келіссөзге қатыспай, онда қабылданған құжатқа қол қоймаған тұлғалар жөнінде не айтуға болады? Ондай тұлғалар бар болса кімдер еді? Кене хан Жетісуға келіп ат басын тірегенде, арып-ашып келген хан мен оның адамдарына қол үшін берген сұлтан Рүстем Бөкейұлы болатын. Орынбор губернаторы Обручев 1846 жылы 30 қыркүйекте соғыс министріне жолдаған хатында Жетісудағы Кене ханмен кездесіп қайтқан Дәулеткелді би Беспаявтан алған хабарына сүйене отырып “...Кенесары өз ауылдарымен Іле өзеніне жетіп, оның оң жағасына өтіп ұлы жүздің сұлтаны Рүстемнің ауылына қосылды”⁴³, - деген фактіні келтіреді. Обручев хатында Рүстем сұлтанның әкесінің атын білмейтіндігін айтады. Ал шын мәнінде Рүстем Абылай ханның ұрпағы, Орта жүздің соңғы хандарының бірі Бөкей ханның немересі болатын. Орыс тілді деректердің Рүстем сұлтанды Кене ханның туысы атайтындығы да сондықтан еді. Рүстем Бөкеев Кене ханмен Кекіліктідегі соңғы түнге шейін бірге болды.

Жетісуда Кене ханды шын көңілден қарсы алған тұлғалардың бірі шапырашты Тойшыбек батыр. Бұл үлкен Ақсай өзенінің Қарасу өзенімен тоғысатын жеріне қоқандар салған атақты Тойшыбек бекінісінің иесі. Өзі де және ұлдары Байсейіт пен Жанғаш та орыс билігінің Жетісуға енуіне

қарсылық көрсеткен. Н.А. Аристовтың көрсетуіне қарағанда Байсейіт Тойшыбеков ұзынағаш шайқасына қоқандықтар жағында қатынасқан. әкесі Тойшыбек кейін Пішпек бекінісіне өтіп, сонда кедейшілікте өлген⁴⁴. Жамбыл Жаббаев өз естелігінде Кене ханның Іледен төмен түскенде, Қордайдағы осы Тойшыбек батырдың аулына тоқтағанын айтады.

Ұлы жүз жерінде Кене ханға қолдау көрсеткен тұлғалар жөнінде кейінірек тағы да сөз болады. Ал бұл арада Лепсі келісіміне байланысты айналып өте алмайтын бір мәселе - ол Кене хан Жетісуға келген соң бұл өңірде ел арасында терең рухани жарылыстың орын алғандығы. Бұдан бұрын да Кене хан қозғалысына байланысты Қазақстанның басқа да өңірлерінде көрініс берген қоғамдық ойдағы өзара қабыса алмайтын екі жақты ұстаным Жетісуда да байқалды.

Орыс мемлекетінің жоғарғы басшылығы Кене хан қозғалысына қарсы ұйымдастырылған Лепсі келісіміне аса жоғары баға берді. Лепсі бойында қазақ билеушілерімен болып өткен келіссөз нәтижесінде Кене ханға қарсы қабылданған құжат жөнінде хабар ала салысымен мемлекеттік канцлер Нессельроде Ресей императорына бұл мәселе жөнінде арнайы баяндап шыққан соң, князь Горчаковқа алғыс сезімін білдіріп хат жолдайды. Онда Лепсі келісіміне мынадай баға берілген еді: “Отложением от 8 июля № 64 Ваше сиятельство уведомили меня о благоприятном обороте, который приняли дела и отношения наши с киргизами Большой орды, поколебавшиеся на время появления между ними мятежного султана Кенисары.

Из доставленных Вами сведений видно, что родоначальники с их киргизов ныне окончательно признали себя подданами Его Императорского Величества и особыми актами, утвержденными подписью султанов и почетнейших лиц всех племен, обязались прекратить прежнюю против наших киргизов, не содействовать ни в чем султану Кенисары и не терпеть его среди себя; наконец, оказывать защиту и покровительство Российским караваном при прохождении оных через их кочевья.

Отношения сие я имел счастье представить в подлиннике на благоусмотрение Государя Императора.

Его Императорское Величество, прочитав с удовольствием содержащиеся в оном подробности, в то же время изволил одобрить новые распоряжения, Вами сделанные, чтобы в прилегающих к Большой орде округах наших продолжались меры деятельности и осторожности до тех пор, пока султан Кенисары не удалится по крайни мере за реку Или”⁴⁵.

Енді Лепсі келісімінің салдары жөнінде. Әрине Лепсі келісіміне қолдарын қойған ұлы жүз билеушілері Кене хан бастаған азаттық қозғалысқа орыс әкімшілігі тарапынан ең соңғы соққы берілгенін, ол соққыға өздерінің де қолдау жасап, бас изегендерін түсінбеуі мүмкін емес, түсінді, сезбеуі мүмкін емес, іштей езіліп сезді. Тек, әрине, бәрі бірдей емес.

Лепсіде өткен келіссөздің нәтижесін естіген Кене хан мәселенің қандай бағыт алғаның терең ұғынды. Бұл кезде ол шамамен бір жағында Балқаш, ал екінші жағынан Іле өзені ағатын, ал үшінші беті батпақты көп ұсақ көлдермен

коршалған, соған байланысты жергілікті халық “Қамау” деп атап кеткен жарты аралға орналасқан еді. Шамамен жарты аралдың ұзындығы 70, ал көлденені 5-тен 12 шақырымға шейін созылады екен⁴⁶. Жалпы алғанда бұл Кене ханның көлігі мен малына аса қолайлы қоныс бола қоймағандығы анық. Лепсі келісімінен соң Кене хан ауылдарымен Іле бойлап жоғары көтеріліп, Қытай шекарасына таяу маңдағы Үйгентас атты жерге келіп, ағасы Саржанның ұлы Құдаймендені жанына Шоқпар би Бақтыбай ұлы мен Сұйдақ қожаны, сондай-ақ сыйлық үшін деп 9 арғымақты қосып Қытай үкіметінен оның жеріне еруге рұқсат сұрап қайтуға аттандырады. Араға бір ай салып оралған елшілік ханға Қытай билік орындарының Кене ханды қабылдап, орыс патшасымен ара қатынасын бұзып алуға барғысы келмейтіндігі туралы айтқан жауабын жеткізеді⁴⁷. Қытай елшілігі әкелген хабар Кене ханды тұйыққа тіреген еді.

Бұған қосымша тамыз айында ел арасында “Омбы жақтан Кене ханға қарсы қаруланған әскер қолдары шығыпты, олар жақын арада Аягөзге келіп жетеді екен” деген қауесет ел арасына кең тарап кеткен болатын⁴⁸. Бұл қауесетке “Аягөз округінен Бөлен Шанхаев пен Барақ Солтыбаев, ал Қаратал бойынан Сөк Абылайханов пен Әли Әділев сұлтандар бастаған қазақ қолдары Аягөзден шыққан орыс әскерімен бірігіп, Кене ханмен соғысуға аттанады екен” деген сөздер қосылады. Жалпы бұл айтылғандардың бәрі де негізсіз емес-тін.

1846 жылы 19 шілдеде канцлер Нессельроде Соғыс Министріне жолдаған хатында ұлы жүзге жақынырақ шекарада, “олардың арасында бүлікшіл Кенесары жүрген шақта” “әскер күштерін топтастыру пайдалы шара болар еді” деген пікірді айта келіп, тіптен “егер мұқтаждық туса әскердің бөлігін тереңірек, яғни сұлтан Сөк Абылайхановтың қонысына шейін апару” орынды болмақ деген ойды білдіреді⁴⁹. Осы құжатта Нессельроде Сібір басшылығына “ұлы жүз қазақтарының бөлігі Қытай иелігіне ене көшіп жүреді (тіптен қайсы бірі Үйгентастан асып, Қытай қарауылдарынан да өтіп), ал одан ары олардың ізіне түсу мүмкін емес, ол жақта Кенесары немесе сол сияқты қаскүнемдер әрқашанда өзіне сенімді бой тасалайтын орын таба алады”, - деп көрсетіп, мұндай жағдайға жол бермеуге нұсқайды⁵⁰.

Міне, осы баяндалған фактілердің бәрі қосыла келіп қыркүйекте Кене ханды соңына ерген елімен бірге Қамал жарты аралынан көтеріліп, Іледен өтіп, Шу жаққа бет алуға мәжбүр етеді. Ол жөнінде губернатор Горчаков соғыс министріне 1846 ж. 22 қазанда жолдаған есебінде шекара бастығы Вишневскийдің хабарына сүйене отырып “үйсін және жалайыр билеушілері Әли Әділев пен Сөк Абылайханов сұлтандар Қаратал өзенінде жанына ерткен қарулы қазақтарымен келіп оған (Вишневскийді айтып отыр-авт.) қосылды, мақсаты казактарға көмектесу. Бірақ Кенесары орыстардың жақындап қалғаның сезіп адам жетуге қиын қонысын (Қамал жарты аралы) тастап, Іледен өтіп шамамен Ұзақтығы 15 көш (шамамен 300 верст) Шу бойына қарай қашты”⁵¹, - деп жазды.

Губернатор Горчаков Кене ханның орыс қолынан ығысып, төмен қарай бет алуын орыс билігінің Жетісу қазақтарының көз алдында қол жеткізген аса

маңызды моральдық жеңісі ретінде бағалады. Белгілі дәрежеде бұл жасалған тұжырым шындықтан алыс емес-тін. Оны біз Жамбыл Жабаевтың естеліктерінен оқимыз “Ақырында Кенесары ұлы жүзге, Алатауға қарай беттеп көшті, әуелі Балқашта, Іленің қойнауында, жалайырдың шетінде жатты. Бұл жер жұттан шалғай еді. Орыс әскерімен белдесуге күш жыю үшін: “Қамауда жатып хал болмас, қолына қалың ел қонбас”,-деп, Кенесары соңына ерген елімен, батырларымен Ілені кесіп өтіп, Шу бойын өрлей көшпеді ме? Сонан Қордайда, шапырашты Тойшыбек батырдың ауылына тоқтады ғой. Атағы жер жарған Кенесары, Наурызбай келді деген соң, ұлы жүз дулат елі қалмай жиналды, күні-түні Кененің ауылын босатпады. Дулаттың батыры Сыпатай да, шапыраштының ерлері Саурық, Сұраншы да, қоңыраттан шыққан Байзақ та, төре Рүстем де қалмай келді,”-деген тарихи шындыққа жақын, ел арасында сақталған фактілерді баяндай отырып, Кене ханның тура осы мезгілдегі көңіл-күйін еш қатесіз беретін мынадай қызық жағдайды баяндайды: “Кенесары екі күн ұдайы еш бір адаммен сөйлеспей, маңдайын ұстап, ауыр ойланып, төмен қарап отырып алды. Рүстем төре де, Сыпатай батыр да Кенесары отырған ақбоз үйдің алдынан анадай жерден түсіп, “алдиярлап” қолын қусырып, рұқсат сұраудан басқа, бір ауыз тіл катуға бата алмаған. Келгендердің бәрімен Наурызбай ғана сөйлескен”⁵².

Кене ханның Іледен көтеріле көшуге мәжбүр болғандығы, орыс күштерімен болған егесте жеңіліс тапқандығы жөніндегі хабар қырғыз билеушілеріне де жетеді. Н. Леденев еңбегіндегі “Кенесарының жеңіліс тапқандығы жөніндегі хабар тез арада оның қас жауы қара- қырғыздарға да жетеді. Олар жағдайдың барысын білу үшін сұлтан Әли Әділевке адам жіберген болатын. Қара қырғыздардың Кенесарыдан кек алмақ ниеті бар екендігін білген Нюхалов жедел түрде Кенесарыға қарсы қаруланған рулардың манаптарына хат жолдап, оларды орыс пен қырғыздың ортақ жауы Кенесарыны бір жола құртуға шақырады”⁵³, - деген көрсетуі, тура осы мезгілде Кене ханның бұл екі жауының өзара түсіністік тапқанын айғақтайды.

Оқиғаның бұдан былайғы ағымы Е. Бекмаханов, Н. Серета, Б. Солтоноев және басқа ғалымдардың зерттеу еңбектерінде баяндалған. Бұл арада біз бұрын аса кең мәлім емес мынадай бірер фактілерді келтірумен ғана шектелеміз. Ресейлік билік орындары Кене ханның өлімінен соң бұл іске тікелей қатысы болып, Ресей мүддесіне сай “еңбек сіңірген” бірнеше қырғыз манаптары мен белгілі адамдарын түрлі сыйлықтармен марапаттауды ұмытқан жоқ-тын. Бұл кезде Шу және Ыстық көл қырғыздары әлі Ресей құрамына қабылдана қоймаған. Соған қарамастан, аванспен болса да, өзіне қызмет жасаған кісілерді марапаттау империя үшін аса қажет еді. Ресми құжатта мынадай сөздер жазылған еді: “Списки туземцев получивших награды от русского Правительства: Сарыбагышевской волости:... 2. Манап Ходжибек Таштамбеков. В 1847 году получил золотую медаль за убиение Кенисары. 3. Манап Калыгул Алибеков. 1847 году серебрянную медаль за убиение Кенисары.

Бурукчикской волости: 41. Киргиз Асык Чалов. Имеет медаль за убиение Кенисары”⁵⁴.

Сонымен, бұл бөлімдегі біздің міндетіміз Кене ханның Жетісу жеріне келген мезгілдегі осы өңірде қалыптасқан саяси жағдайды, орыс билігінің бұл аймаққа ену ерекшеліктерін, Қапалда алдымен ұлы жүз приставы, сонан соң Алатау округы приказының құрылар алдындағы ахуалды ғылыми талдауға алу болатын.

Кене ханның Жетісуда жеңіліс табуы, ол бастаған қозғалыстың осы уақытқа шейінгі даму логикасының жиынтығы болатын. Басқаша болуы да мүмкін емес-тін. Өйткені Кене хан әскері атқа қонғанда патшалық билік қазақтың кіші жүз және орта жүз жеріне тереңдеп еніп, өзінің күш-қуаты мен қарымын жергілікті халыққа танытып үлгірген болатын. Кене хан орта және кіші жүз арасында жүргенде-ақ халықтың бірауыздан Ресейлік басқыншыларға ұйымдасқан жауап соққы бере алмайтындығы анық байқалған-тын. Халықта ондай күш көрсетуге негіз боларлық қуатты экономикалық мүмкіндік те, рухани тұтастық та, ресейлік қалыптасып қалған идеологиялық мәдениетке қарсы тұрарлық саяси таным да жоқ еді. Міне сондықтан да Кене хан ұлы жүз жеріне басқа қазақ жерінен жеткілікті қолдау таба алмай, шаршап-шалдығып жетті. Ал мұнда келгенде Ресей үкіметі Кене ханмен тиімді идеологиялық және әскери күрес жүргізуге даяр еді. Оны мынадан байқаймыз.

Ресей билігі Жетісу мен Солтүстік Қырғызстанда (әлі Ресей құрамына ене қоймаған) өзін тәжірибелі отарлаушы ретінде көрсетті. Ол өзін экономикалық мүмкіндігі төмен, өзара саяси ауызбірлігі жоқ, дұрдараз, оның үстіне ортағасырлық Қоқаннан қорлық көрген қазақ пен қырғыздарға жарылқаушы, қамқор “әке” ретінде көрінуге тырысты. Олардың бітпейтін өзара дауына төрелік айтты, барымтаға, ұрлық-қарлыққа қарсы екендігін байқатты, тәртіпке шақырды. Жергілікті халықтың көзі, еті үйренгенше қылышын сүйретіп алым-салық жинай қойған жоқ. Ең негізгісі халықтың бас көтерер төрелері мен билері, манаптарын сылап-сипап бауырына тартып, түрлі әскери атақтарын, сый-сияпатын берді. Орыс билігінің бұл стратегиялық әдісі өз нәтижесін берді, өзін толық ақтады.

Сонымен бірге орыс әкімшілігі қазақ пен қырғыз арасындағы жүз, руаралық қатынастардың қыр-сырын өз мамандарына арнайы зерттетіп, халықтың әлі де болса пісіп-жетілмеген ұлттық таным мен сана-сезіміндегі кемшіліктерін өз отарлаушылық мақсатына ұтымды пайдалана білді. Бұл істе орыс билігінің жүгін ел ішіндегі өресіз сұлтандар мен феодалдар біраз “жеңілдете” түсті.

Бұл айтылғандарға қосымша Кене ханның өзі де қырғыздарға қатысты ірі кемшіліктерге жол берді. Оның әскері қырғыз ауылдарының малын барымталады, мүліктерін тонады, түрлі қатыгездіктерге жол беріп алды. Кене хан қарсыласы ретінде қырғыз халқының мүмкіндігін тура бағалай алмады, тәкәппарлыққа ұрынды. Ханның осы сипаттағы мінезі қырғыз елінің намысына тиді, Абылай заманынан бері келе жатқан іштегі кегін оятты. Сондай-ақ, Кене ханның қырғыз елін бағындырған күнде де қуатты мемлекет құрып, орыс отаршылдығына қарсы тұра алуы күмәнді мәселе еді.

Кене хан бастаған қозғалыс барысында жалпы қазақ халқының, әсіресе оның саяси басқарушы тобының, саяси кемелдігінің әлі де болса жетімсіздігі,

төмендігі, жеке дербес мемлекет құру қажеттігін терең ұғыну деңгейіне көтерілмегендігі анық байқалды. Біздің түсінігімізше, тек осы контексте ғана Кене хан бастаған қозғалыстың халық тарихында алатын орны мен оның трагедиялық сипатын тура ұғынуға болады.

Алатау приставы

Кенесары Қасымұлымен Жетісу үшін жүрген талас патшалық билікті жаңа шараларды іске асыруға итермеледі. Көтерісшілерді бақылау барысында 1846-1847 жылдың қысын Қапал өзеніне жақын тау аңғарында өткізген орыс әскер бөлімшесі көктем шыға отряд тоқтаған жерден жоғары 4 шақырым қашықтықтағы Қопалы аталатын жайылымда жаңа бекіністің негізін қалады. 1847 жылы 17 сәуірде орыс патшасы бекіткен сыртқы істер Министрлігінің баяндамасында бұл шара Қашғария мен Батыс Қытайға баратын керуен жолын қамтамасыз ету мақсатында қарастырылды деп көрсетілді. Ал осы жылдың 14 тамызында жаңа бекіністе Сөк Абылайханов, Әли Әділев және Әкімбек Абылаев сұлтандар Ресей билігін қабылдағандықтарын мойындап, тағы да ант берді. Егер бұл сұлтандардың бұдан бұрын да ант бергендіктерін ескерсек, онда бұл жолы олар орыс әкімшілігіне қызметке кірген шенеуніктер ретінде ант берді деп топшылауға болады. Осы мезгілден бастап Қопалы бекінісін салу қарқын ала бастайды⁵⁵.

Орыс әкімшілігі қазақ сұлтандары арасында Қопалы бекінісі солардың өздерінің қалауы бойынша және ұлы жүздің мүддесін қорғау мақсатында салынып жатыр деген пікір туғызды⁵⁶. Осы ойдың дәлелі ретінде 1848 жылы Қопалыда ұлы жүз қазақтарын басқару ісімен айналысуға тиіс болған ұлы жүз жанындағы пристав мекемесін ашып, алғашқы пристав етіп барон Врангельді бекітеді⁵⁷. Ал шын мәнінде бұл әрекеттің бәрі Ресейдің Жетісу жерін, одан ары жалпы ұлы жүз, Орталық Азия кеңістігін игеруге шындап кірісіп кеткендігінің айғағы болатын.

Мұрағат құжаттарында Қопалыда ашылған мекеменің неге “ұлы жүз жанындағы пристав” деп аталғанына түсінік жоқ. Дегенмен бұл атау мекеменің уақытша қойылған аты болғандығы байқалады. Оған бұл мезгілде Жетісу жерінің бүтіндей орыс билігіне ене қоймағандығы, Іленің оңтүстік-батыс бетінің Қоқан хандығы билігінде болғандығы негізге алынса керек. Соған байланысты 1848 жылы құрылған ұлы жүз Приставының билігі негізінен осы Іле өзенінің шығыс жақ бетіндегі қазақ руларына тарады. Ал бұл мезгілде мұнда жалайыр, албан, суан, сары үйсін, жаныс, сыйқым, ботпай, шымыр руларының ауылдары қоныстанды⁵⁸. Жалайырлар Қаратал өзені бойын, албан мен суан Көксу өзені бойын, ал дулаттардың қалған бөлігі Көксу мен Іле өзендері аралығын қоныстанды⁵⁹.

Ұлы жүз жанындағы приставтың құрылған кездегі шағын штаты мынадай қызметтерден құралды: ұлы жүз қазақтары жанындағы Пристав, үш аға сұлтан, тілмаш (аудармашы) және хатшы (письмоводитель)⁶⁰. Бар болғаны алты қызметтен тұратын штат.

1850 жылға шейін ұлы жүз приставы қолында өз билігі жүретін өңірдегі азаматтық және әскери билік шоғырланды, сондай-ақ ол тікелей Омбыдағы Жеке Сібір корпусының командиріне бағынды. 1850 жылдан бастап бұл аймақта орыс әскер күштерінің көбеюіне байланысты, енді ол ішкі істер полкі командирінің құзырына өтті⁶¹.

Қорыта айтқанда, Қапалда орнаған жаңа билік приставтық атанғанымен, іс жүзінде ол штат құрамы және атқаратын міндеті тұрғысынан округтік приказ сипатында құрылып, соның ролін атқарды.

Приставтың қызмет ауқымына мынадай міндеттер енді: 1) ұлы жүз қазақтары сыртынан бақылау жүргізу; 2) қазақ рулары ішіндегі сұлтан, би және басқа ықпалды адамдармен орыс билігіне тиімді қатынас орната отырып, қазақ қоғамы ішіндегі өзгерістерді, әрекет- қимылдарды бақылап отыру; 3) жергілікті халықтың арасындағы түрлі азаматтық істерді шешіп отыру; 4) өзіне қарасты территорияда әскери бекіністер құрылысына басшылық жасау және оларға қолайлы орындар таңдау; 5) приставтың ішінде және одан тыс орталықтармен сауда қатынасына жағдай туғызу және 6) шекараны қорғау⁶².

Приставтықтың бастапқы міндеті ең алдымен өз қарамағындағы әскер бөлімшесіне тиесілі жағдай жасау, оның күнделікті өз міндетін орындауын қамтамасыз ету болатын⁶³. Бұл айтылғандарға қосымша приставтыққа мемлекеттік қызметке қатысты құпия іс қағаздарын жүргізу, сондай-ақ оған шекарада орналасуына байланысты өз статусы шеңберінде дипломатиялық міндеттерді атқару да жүктелді⁶⁴.

Жоғарыда приставтықтың атқаратын міндеттері ауқымына жергілікті халықтан алым-салық жинау еңбегендігін аңғару, әрине қиын емес. Жетісудың жергілікті халқына 1867-1868 жылғы әкімшілік-басқару реформасы енгізілгенге шейін алым-салық салынған жоқ. Оның мынадай бірнеше себептері болды. Біріншіден, Жетісу және Оңтүстік Қазақстан үшін Қоқан хандығы және Қытай империясымен талас жағдайында Ресей билігіне жергілікті халыққа жағымды көріну аса маңызды еді. Екіншіден, Қытай және Орталық Азия хандықтары бағытында, сондай-ақ Жетісу және Солтүстік Қырғызстанмен де сауда қатынасын дамыту мүддесі Ресейден жергілікті халыққа байланысты осындай өткінші саясатты ұстануды талап етті.

Ресей мемлекетінің сыртқы саясатындағы ұлы жүздің алатын ерекше орны жөнінде баяндай келіп канцлер Нессельроде Николай-I патшаға мынадай ойды білдірді: “ұлы жүздің Ресей билігіне жақында ғана енуіне, сонда-ақ шекарадан шалғай жатуына байланысты және басқа себептерге байланысты, сөзсіз, Орта жүз бағынған тәртіпке бағына алмайды; оның жерінде приказдар құрып, барлығын да жақыннан бақылап және басқарып отыруды үкімет атынан қойылған шенеуніктерге берсек, онда жақында ғана бағынуға мәжбүрленген қазақтарды шошытып алар едік; тіпті оларға жеңіл салық салудың өзі де көптеген себептерге байланысты ыңғайсыз, шынын айтқанда тым ерте.

Жалпы алғанда мынаны ұмытуға болмас: біріншіден, бұл қазақтар Ресейге өз еркімен бағынды, осының өзі ғана бұларға көп жеңілдік беруді талап етеді, екіншіден, сондай-ақ бұл негізгісі, біздің мақсатымыз бұл ұлы жүзді Ресей

ықпалына бағындырып және оның ішінде біз қалағандай тыныштық пен бейбіт өмір орнатып, сол арқылы Батыс Қытай, әсіресе Қашғария және Орта Азия бөлігімен сауда қатынасымызды дамытуға осы елдерге апаратын қауіпсіз сауда жолын жасау үшін қажет”⁶⁵.

Жетісу жеріне келген алғашқы мезгілде Ресей әкімшілігі өз билігін жергілікті қалыптасқан дәстүрлі билікпен қабыстыра жүргізуге тырысты. Сондықтан да орыс билігін мойындаған территорияда пристав жанынан үш орыннан тұрған аға сұлтандық қызметін енгізді. Олардың бәрі де приставқа бағынды. Өкінішке орай мұрағат құжаттарынан бұл аталған қызметті 1848 жылдан бастап алғашқылардан болып атқарған үш сұлтан жөнінде мәлімет кездестіре алмадық. Ал 1854 жылдың басында бұл қызметті атқарғандар жөнінде мәлімет бар. Олар: Сөк Абылайханов, Әли Әділев және Тезек Нұрәлиев⁶⁶. Бұл тізімде аталған алғашқы екеуінің Қапал приставтығы бойынша аға сұлтандық қызметті белгіленген күннен бастап атқарғандығы ешқандай да күмән тудырмайды. Ал албан және суан болыстары бойынша аға сұлтандық билікті алғаш болып атқарған Әкімбек Абылаев болуы әбден ықтимал. 1847 жылы 14 тамызда жаңа ғана ашылған Қапал бекінісінде ұлы жүз атынан ант берген үш сұлтанның бірі осы Әкімбек Абылаев болатын⁶⁷. Ол антты кейін Тезек төре билеуінде болған албан руы атынан берді. Біздің бұл ойымыздың дұрыс екендігін Н.А. Аристов еңбегінен де байқаймыз. Ол “Кыргызы или кара-киргизы” атты зерттеуінде “Коксу занимали албаны, которыми правил заведывавший делами еще при жизни султана Акымбека, незадолго перед тем умершего, султан Тезек, сын Нурали, сына Аблай-хана. Подчинявшиися Акымбеку суваны, кочевавшие в китайских пределах, по смерти его отделились от албанов с султаном своим Адамсатом Ибаковым. Между Коксу и Или кочевал султан Али, сын Адиля, сына Аблай-хана, с частью дулатов”⁶⁸, - деп жазды. Бұл көрсетуден албан мен суанды Ресей билігі келген сәтте бір-ақ сұлтан, яғни Әкімбектің билегенін, ал ол қайтқан соң суандардың бөлініп Адамсат Ибақов сұлтанның билігіне өткенін аңғарамыз. Сондай-ақ, бұл арада мынадай жағдайды ескерген жөн. Адамсат сұлтан билігін тек шекараның Қытай бетіндегі суандар ғана мойындаған болуы керек. Өйткені орыс әкімшілігінің келісімінсіз мұндай жіктелудің жүруі, әрине, мүмкін емес-тін.

Аға сұлтандардың қызметі негізінен өздеріне қарасты болыстар ішінде тыныштық орнату, ел ішіндегі азаматтық істерді билердің көмегімен дәстүрлі қабылданған әдет-ғұрып бойынша шешіп отыру және орыс әкімшілігінің түрлі шараларына елдің мүмкіндігін жұмылдыру болды.

Орыс әкімшілігі өзіне қараған ұлы жүз руларын аға сұлтандар арқылы басқара отырып, 1868 жылғы реформаға шейін олардың ішкі өміріне тереңдеп ене алған жоқ. Ішкі басқару жүйесі өзгеріссіз, сол күйінде қалды. Рулы елді мұралық негізде сұлтан басқарды. Ру өз ішінде аталарға бөлінді. Ру ішіндегі әрбір тармақ-ата бір болыстық құрап, оны сұлтан тұқымы немесе ру басы сұлтан белгілеген адам басқарды. Тек 1865 жылы салық жүйесінің енгізілуіне байланысты нақты белгіленген ауылдардан құралған,

территориялық шекарасы анық болыстық әкімшілік басқару жүйесі орныға бастайды⁶⁹.

Қорыта айтқанда, приставтық билік округтік басқаруға өтер жолдағы сатылық басқару түрі болған еді. Оның міндеті негізінен орыс билігінің Іле өзенінің екі жақ бетіне бірдей орнығуына жол ашып, қазақтардың жаңа билікке бойын үйретіп, қоқандық билікті бұл өлкеден біржола ығыстыруға жағдай туғызу еді.

Енді жаңа құрылған Қапалдағы орыс әкімшілігінің қызметі және оның жергілікті халықпен ара қатынасы жөнінде. Құжаттардың көрсетуіне сүйеніп приставтықтың құрылған сәттен бастап 50-ші жылдардың алғашқы жартысы аралығындағы қызметі негізінен әскери сипатта, яғни Қоқан хандығын Жетісудан біржола ығыстырып, бұл өлкеде орыс билігін орнықтыру болды. Ал мұндай мақсатқа, әрине, жергілікті Жетісу халқының қолдаусыз жету тіптен де мүмкін емес-тін. Мұндай міндетті шешу ісінде орыс әкімшілігінің алдында кесе-көлденең тұрған кедергі Қоқан хандығының Жетісудағы тірегі Алмалы (қайсыбір деректерде Тойшыбек. – Қ.М.) қорғаны еді.

Ресей әскері бас штабының штабс-капитаны Померанцевтің 1851 жылы жасаған картасы бойынша Алмалы қорғаны үлкен Ақсай өзенінің сол жақ жағасында, яғни оған Қарасу өзенінің келіп құятын сағасынан 8 верст төменде орналасқан⁷⁰. Орыс билік орындары оны Тойшыбек бекінісі атап кеткенімен оны жергілікті халық орналасқан жеріне байланысты “Алмалы қорғаны” атаған⁷¹. Қоқандықтар да оны солай атаған болатын. Ал Тойшыбек аталуы жергілікті шапырашты руының биі Тойшыбектің⁷² қорғанды қоқандықтардың құзырымен салу жұмысын басқарып, сондай-ақ оның билеуші бегі болып белгіленуіне байланысты болса керек. Жамбыл ақын өз естелігінде Тойшыбекті батыр деп те атайды⁷³.

Тойшыбек би жөнінде ел арасындағы сақталған деректерді біраз келтірген Н.А. Аристовтың айтуына қарағанда Тойшыбектің өзімен бірге екі ұлы да (Жанғаш және Байсейіт) Жетісуға келген орыс әскеріне белсенді түрде қарсылық көрсеткен. Байсейіт Тойшыбекұлы алдымен Кене ханның қолына қосылған, ал кейінірек Садық Кенесарин жағында ұзынағаш шайқасына қатынасады⁷⁴.

XIX ғасырдың 50-ші жылдарының басында Ресей Орталық әскер штабының тікелей басқаруымен, Сібір әскері корпусы Қоқан хандығының Жетісудағы тірегі Тойшыбек бекінісін жоюға кірісті. Осы мақсатта 1850-ші және 1851 жылдары екі әскери жорық ұйымдастырылды. Бұл шаралар сол кездегі ресми құжаттарда жорық емес, жұмсартылған түрде “әскери экспедиция” аталды. 1850 жылғы сәуірдің ортасында басталған алғашқы жорықты барон Врангельдің орнына келген, Қапал приставы капитан Гутковский басқарды. Жорыққа қатысқан орыс күші жүзге жуық атты казак және екі қаруы бар бір взвод жаяу әскерден тұрды. Олардың әрекетін үш офицер бағыттауға тиіс болды. Ал Тойшыбек қорғанындағылардың саны 150 адам. Олардың арасында қоқандықтармен бірге қазақтарда бар еді⁷⁵.

Шамамен сәуірдің орта тұсына қарай Іле өзенінің сол жағасындағы Әбілпейізұлы Рүстем сұлтанның ауылына келіп тоқтаған Гутковскийдің

есебінде жергілікті халықтан отрядқа қажет көлік малын алу бар-тын. Абылай сұлтанға тиесілі тапсырма да берілген болатын. Бірақ Шымырбай би бастаған топ Абылайдың талабын орындаудан бас тартады. Орыс ұлығының алдында беделі түскен Абылай сұлтан отрядқа көмекке 200 жігітті алуды ұсынып, бірақ оның есесіне көлік мал беруден бас тартқан Шымырбай би бастаған өзінің бақталастарын жазалауға 25 қаруланған атты казак әскерін сұрайды⁷⁶. Басшылықтан жергілікті жұртпен жақсы қатынас орнату жөнінде тапсырма алған Гутковский ондай қадамға бара алмайды. Өз отрядымен Тойшыбекті қоршауға алған Гутковский, келесі күні-ақ кейін шегінуге мәжбүр болады. Орыс тілді деректер оның себебін қорғанды алуға отрядтың қару күшінің жетімсіз болғандығымен түсіндіреді. Ал шындығында мәселе анағұрлым күрделірек болатын. Қарсылықты Гутковский отряды тек қамал ішіндегілерден ғана көрген жоқ, Алмалы қорғанын орыс қолынан қорғауға оның төңірегіндегі басым бөлігі жаныс руынан құралған дулат ауылдарының жасақшылары жеткен еді. Гутковский отрядын қоршауға алған казак қолдарының ұзақ саны 3-4 мың адамға таяу болатын⁷⁷. Мұндай аса қолайсыз жағдайға тап болған Гутковский асығыс түрде кейін шегініп, қайтар жолында казак ауылдарының мұндай мінезін Рүстем сұлтаннан көріп, оның ұлы Абылай сұлтанды аманатқа ұстап, өзімен бірге ала кетеді. Сөйтіп Сібір әкімшілігі ұйымдастырған Тойшыбек бекінісіне жасалған алғашқы жорық сәтсіз аяқталады.

Алмалы қорғанын алуға келесі екінші әскер жорығын ұйымдастыру ісін Сібір әкімшілігі сол 1850 жылдың соңына қарай қайтадан қолға алады. Капитан Гутковский алғашқы әскер жорығын сәтсіз аяқтағаны үшін ұлы жуз приставы қызметінен босатылып, оның орнына капитан Перемышльский тағайындалады. Ал Тойшыбек бекінісіне келесі екінші жорықты іске асыру тәжірибелі әскер адамы подполковник Карбышевке жүктеледі. Оны таңдап, бекіткен Петербургтағы бас әскер штабы еді. Ал пристав Перемышльскийге бұл іске тек жергілікті күштерді жұмылдыру міндеті ғана жүктеледі. Сөйтіп бұл жолы пристав қызметі қорғанды алуға аттанған отряд командирі қызметінен бөлінген еді. Бұл Гутковский жорығынан соң Сібір басшылығы тарапынан жасалынған алғашқы тұжырым еді. Екіншіден, Бас штаб приставқа Тойшыбек қорғанын алу ісіне жергілікті халықты қарсы қоймай, керісінше оны неғұрлым көбірек тартуды тапсырады.

Екінші жорыққа даярлық барысында, яғни 1851 жылы 9-шы ақпанда Сібір әскер корпусының штабынан пристав капитан Перемышльскийге мынандай мазмұндағы тапсырма келіп түседі:

“Жеке Сібір корпусының штабы, 2. бөлім 9 ақпан 1851 жыл. №36. ұлы жүз жанындағы пристав капитан Перемышльский мырзаға.

Таяу арада бері шығатын почтамен маған, құрметтім, мынадай мазмұндағы мәлімет жіберіңіз; Егер экспедициямен Іле өзенінің арғы бетіне шыға қалсақ, біздің отрядқа аса тиянақты әрі сенімді көмек көрсете алады деп ұлы жүздің қандай Сұлтандары мен Билерін атар едіңіз?

Штаб бастығы, генерал-майор...”⁷⁸.

Сонымен, Алмалы қорғанына келесі екінші жорықты даярлай отырып, Сібір әскер басшылығы бұл іске жергілікті халықтың басқарушы тобын тартып, сол арқылы өз міндетін жеңілдетуден үміттенді. Тура осы мезгілде жолданған келесі тапсырмада штаб бастығы Қапал приставына Ілеге салатын екі сал өткел даярлауды бұйырады⁷⁹. Сондай-ақ Көксу және Қаратал өзендері үстінен көпір салуға қолайлы жер таңдап және оны салу үшін Омбыдан арнайы командировкаға топограф прапорщик Нифантьев пен инженер поручик Молоховцев жіберіледі⁸⁰.

Штаб бастығының Іленің арғы бетіне аттанбақ экспедицияға жергілікті болыстықтардан қанша бас түйе алуға болатындығы жөнінде жіберген сауалына жауап бере келіп, капитан Перемышльский: "...ұлы жүз болыстарында қанша бас түйе малы бар екендігі жөнінде тура мәлімет алу өте қиын, бірақ сұлтандар өз еркімен және қиналмай 400 жарамды түйе бере алады, ал егер мінез танытсақ, отрядқа қанша түйе қажет болса, соншасын алуға болады"⁸¹, - деп көрсетеді. Капитанның бұл жауабына қарағанда орыс билігінің Іленің шығыс жақ бетіндегі Сөк сұлтанға қарасты жалайыр руы арасында кәдімгідей "еркінсіп" қалғандығы байқалады.

Капитан Перемышльский көп Ұзамай-ақ екінші Іле жорығына көмектесуге келісімін берген сұлтан мен билердің де аты жөнін атаған еді. "Іленің арғы бетіне баратын біздің экспедицияға-деп жазды ол- ең сенімді және тиянақты көмек бере алады деп жалайырлардан Жанғазы сұлтан мен Жошы сұлтанды, дулаттардан Ералы сұлтанды, аға сұлтан Әлидің ұлы Әбілезді және Сары биді, албандардан Тезек сұлтан мен Жайнақ биді атаған болар едім.

Аталған кісілердің бізге сенімді және берілгендігіне мен өзім жауап бере аламын"⁸².

Іленің батыс бетіндегі Қоқан қорғанына әскер жорығын даярлай отырып, бас әскер штабы бұл ойын өте құпия ұстады. Сібір әскер штабы Қапал приставына экспедиция ісіне байланысты үсті-үстіне түрлі тапсырмалар бере отырып, олардың қандай мақсатта жасалынып жатқандығын тіптен капитан Перемышльскийдің өзіне де білдірген жоқ еді. Капитан Перемышльский Омбыдағы штаб бастығына осы орайда мынадай деп жазады: "Сіздің, Жоғары Мәртебелім маған жолдаған тапсырмаларыңыздан мен, әрине, Іле өзенінің арғы бетіне экспедиция белгіленгенін біліп отырмын, бірақ оны үкімет қандай мақсатпен және қашан шығаратындығы жөнінде маған ештеме де мәлім емес.

Ұлы жүз қазақтарының приставы бола тұрып мен өз әрекетімді үкіметтің іс қимылы мен ұстанған бағдарына бейімдеуге міндеттімін, ал бірақ одан хабардар болмасам қателікке ұрынып, жауапқа тартылуым мүмкін ғой.

Қазіргі уақытта қыпшақтардың* немесе Іленің арғы бетіндегі қазақтардың ғана емес, ұлы жүз қазақтарының да жай уақытта ешқандай мән бермей айта салатын әрбір сөзінің, әрбір қимыл әрекеті мен әрбір ойының өз салмағы бар, оның үстіне қазақтардың арасында қашан болатындығын білмесе де, бірақ экспедиция жөнінде дақпырт жүр. Сондықтан да назардан ешнәрсені тыс қалдырмастан, бастап отырған істің, сәтті аяқталуына қызмет ету мақсатында өзіңізден Жоғары Мәртебелім, егер мүмкін болса, сеніп мені үкіметтің

ұстанған бағдары мен мақсатынан хабардар етіп, ең кем дегенде Іленің арғы бетіндегі қазақтармен қандай қатынаста болу жөнінде нұсқау беруіңізді өтінемін⁸³.

Омбыдағы Штаб бастығы көп кешіктірмей капитан Перемышльскийдің сауалына жауап береді. Ресей үкіметінің Жетісу өңіріне тереңдеп ену барысында қолданған әдіс-айласы жөнінде оқырманды мүмкін болғанша толық хабардар ету мақсатында штаб бастығының хатын толық күйінде беруді жөн көрдік. “24 ақпандағы № 4 рапортыңызға байланысты сізді хабардар етуді өз борышым санап, осы жылы Іленің арғы бетіне белгіленген экспедицияның қашан басталатындығы мамырдың алғашқы күндері Қапалға барып *Қазақ және қырғыз жеріндегі Қоқан әскерінің басым бөлігі атты қыпшақтардан тұрған. Жергілікті жұрт оларды қыпшақтар немесе “ташкендіктер” деп атаған.

Қайтқалы отырған Генерал-адъютант Анненков мырзаның шешіміне байланысты екендігін білдіремін. Қалай болғанда да ... бұл мәселеге байланысты қазақтардың арасында түрлі сөз тарату арқылы экспедиция кейінге шегеріліпті, күзден ерте болуы мүмкін емес екен деген пікір туғыза берген жөн.

Ал Іле өзенінің арғы бетіне ұйымдастырылатын экспедицияның мақсаты бұдан бұрынғы оқиғалармен сабақтас: Тойшыбек бекінісін қиратудан басқа өткен жылғы біздің отрядқа сатқындық жасап, оған шабуыл ұйымдастырған басты кінәлілерді жазалау, сондай-ақ біздің Іленің арғы бетіндегі өлкеге ықпалымызды арттыра түсу. Үкімет басқа мақсаттарды көздеп отырған жоқ.

Міне осы айтылғандарға байланысты Іленің арғы бетіндегі қазақтарға қатысты Сіз өте абай әрекет жасап, экспедиция жөнінде тараған сөздерге байланысты олардың не ойлап және қандай әрекет жасайтындығын бақылау қажет. Әсіресе қазақтардың қыпшақтарға қатынасын тереңірек байқап, соңғыларының қандай даярлық жасап жатқандығын білу керек. Дегенмен, Іленің арғы бетіндегі қазақтармен тікелей байланыс жасау ыңғайлы емес. Бергі беттегі дулаттарды әлгі айтылған мәліметтерді жинау үшін пайдаланған күннің өзінде (олардың Іленің арғы бетіндегілермен туысқандық қатынасын ескеріп) жеткізген хабарына өте сақтықпен қарап, рас екендігін басқа алынған мәліметтермен салыстырып, тексеріп отырған жөн.

Қазақтардың экспедициясының мақсатына қатысты және Іленің арғы бетіндегі қарсылық көрсеткендердің жазалануы мүмкін бе деген сауалдарына, Сіздің бұл мәселелерге байланысты үкіметтің не көздеп отырғандығынан хабарсыз болып көрінгеніңізді қалар едім. Тіптен бұл істер жөнінде өз пікірлеріңізді де жасырғаныңыз жөн, өйткені, кінәлілер бір жағынан жазаланатындығын біліп және екінші жағынан алысқа көшуді ойлап, белгілі бір шешімге келіп қойған болар еді. Штаб бастығы. 1851 жылдың 12 наурызы”⁸⁴.

Бұл деректік материалдан отарлау ісін жүргізіп отырған империялық мекемелердің әбден тәжірибелі, кәнігі әрекеті анық байқалады. Сондай-ақ бұл құжаттан Ресей үкіметін Қазақстан сияқты елді төніп келе жатқан түрлі қауып-қатерден құтқарушы күш ретінде көрсетуге тырысушылардың

құйтырқы пиғылының негізсіз екендігі айқындала түседі. Басқаша айтқанда, Ресей Жетісу жеріне таза отарлаушы күш ретінде қадам басты.

әскер жорығын тікелей даярлауға көшу жөнінде Қапал приставына хабар 1851 жылдың 7 наурызында жетті. әскер экспедициясына жұмсалатын шығынның үлкен бөлігін Іленің шығыс жақ бетіндегі қазақ ауылдары көтеруге тиіс болды. Сөйтіп ұлы жүз қазақтарына да жаңа биліктің алым-салығы келіп жетті. Салынған салық түрі де өлкені енді ғана отарлау ісіне кіріскен мемлекеттің қажетіне сай болды. Басқаша айтқанда салық қазақтардан әскер жорығына көлік және түрлі қажеттілікке жігіттер алу (жол көрсету, көлік жүргізу, т.б) түрінде көрініс тапты. Штаб бастығы капитан Перемышльскийге “... ұлы жүз болыстарынан алдымыздағы көкек айының 25-не азық-түлік, өзге мүліктерді тасуға жарамды, әр қайсысында берік 3 арқаны бар және 5 түйеге бір адам жүргізушісімен 400 түйе жинауыңызды өтінемін. Қазақтардың қауіптеніп, көлік бермей қоюын болдырмау үшін, оларды түйелер Аягөзден қажет жүк тасымалдау үшін жинастырылуда деп сендірген жөн”⁸⁵, - деп жазады.

Штаб бастығы келесі хатында аталған 400 түйеге қосымша “ұлы жүзден 1-ші мамырға қарай жүк артуға ер-тұрманы, шідері және тҮсауымен жарамды 100 қазақ атын”⁸⁶ - даярлауды тапсырады.

Өз ретінде капитан Перемышльский 1851 жылғы 27 наурыздағы ...15, 16 және 17 жолдауымен аға сұлтандар Сөк, Әли және Тезектің әрқайсысына экспедиция үшін 150 түйе және 25 аттан даярлауды тапсырады⁸⁷.

Іленің арғы бетіне аттанатын экспедицияны жарактау ісі Қапалда жүрді. Оны басқару Батыс Сібір генерал-губернаторы генерал-адъютант Анненковтың бұйрығымен 6-шы казак полкының командирі подполковник Карбышевқа жүктелді. Экспедицияға қажет көлік малдары және оларды күтуші адамдар көкек айының соңына қарай Қапалға келіп жиналды. Осы атқарылған даярлықтың логикалық жалғасы ретінде капитан Перемышльскийге 1-ші мамырға қарай, яғни генерал-адъютант Анненковтың келуіне орай Қапалға экспедиция ісіне тартуға белгіленген сұлтандар мен билерді жинап, оларға экспедициямен бірге жүретіндігін хабарламай, генерал-адъютантпен кездесуге шақырылдыңдар деген сылтаумен Қапалда Үстау тапсырылады⁸⁸. Басқаша айтқанда орыс билігіне сенімді адам ретінде белгіленген Жанғазы, Жошы, Әбілез, Тезек сұлтандар, Сары және Жайнақ билер Алмалы қорғанын алуға аттанған экспедициямен оның сәтті аяқталуын қамтамасыз ететін кепілдік ретінде бірге жүруге тиіс еді.

Мамыр айының басында, яғни экспедицияның Алмалы қорғанын алуға аттанар алдында экспедиция бастығы подполковник Карбышев приставтан белгіленген 400 түйенің орнына 600, ал экспедициямен бірге жүруге тиіс 100 қазақ жігіттерінің орнына 200 жігіт, бұларға қосымша ондаған киіз үйлер талап етеді⁸⁹.

1851 жылғы мамырдың алғашқы күндерінде бұдан бұрын белгіленгендей Алмалы қорғанын алуға жасалып жатқан даярлықпен танысу үшін Қапалға генерал адъютант Анненков келеді. Генерал мен таныстыру үшін экспедициямен бірге аттануға тиіс “сенімді” сұлтандарда шақырылады.

Жоғарыда белгіленген тізімдегілерден кездесуге келгендері Жанғазы, Жошы және Әбілез сұлтандар еді. Тезек сұлтан бұл кездесуге Қытай жақ арғы бетте болуына байланысты келе алмай қалады, ал Сары би ауырып қалып, орнына інісін жібереді. Тезек сұлтанның орнына Дұралы сұлтан шақырылады⁹⁰. Бұл айтылғандардан басқа экспедицияға Аягөз приказынан Тәнеке би Дүйсетов бастаған 50 адам және құлан-қыпшақ болысынан старшын Ибрагим Жайнақбаев тартылады⁹¹.

Сонымен, қоқандықтардың Алмалы қорғанын, басқаша Тойшыбек бекінісін алуға аттанғанда подполковник Карбышев басқарған әскер экспедицияның құрамында жаяу атқыштар батальоны, бес жүздік казактар, екі дивизион, артиллериялық және ракеталық станоктар⁹², жоғарыда аталған сұлтан, би және старшын бастаған жүзге жуық қазақ жігіттері бар болатын.

17 мамыр күні Қапал приставына қырғыз манапы Жантай Қарабекұлының орыс отрядына өзіне қарасты елден қоқандықтарға қарсы бір қол жігіттер беруге даяр екендігін білдірген хатын жеткізген адамы келеді⁹³. Подполковник Карбышев Перемышльскийге қырғыз манапы жіберген қол келе қалған күннің өзінде олардың қандай пиғылмен келгендігіне мұқият көз жеткізуді тапсырады. Деректердің көрсетуіне қарағанда манап Жантай жіберген ондай қол келмеген сияқты⁹⁴.

Ресей үкіметінің Алмалы қорғанына әскер отрядын даярлап жатқандығы жөнінде хабар Қоқан хандығына да жеткендігі байқалады. Өйткені Карбышев экспедицияның Іленің арғы бетіне жолға шығуына санаулы-ақ күндер қалғанда, яғни 23 мамыр күні Қапалға Ташкент құшбегі Нар-Мұхаммедтің хатымен Нұр-Мұхаммед би келеді. Хатта “Орыс үкіметі Қоқан ханымен достық қатынаста бола отырып, неге өткен, яғни 1850 жылы Алмалы қорғанына шабуыл жасады?” деген сауалға түсінік беру талап 34

етілген болатын. Капитан Перемышльский Омбыдағы штаб бастығына осы жөнінде айта келіп “шамасы Қоқан елшісіне бұдан бір жыл бұрын болып кеткен оқиғаның жәй-жапсары емес, біздің ұйымдастырып отырған жаңа экспедициямыз жөнінде мәлімет керек-ау” деген тұжырымға келеді⁹⁵.

Экспедиция тарихына қатысты бір құжатта ылажсыздан көңіл аударуға тура келетін мынадай бір оқиға баяндалады. Аягөз приказына қарасты найман болыстарынан экспедиция құрамына тартылған Тәнеке би бастаған елу шақты жігіттер орыс әскерінің құрамында жүргенін пайдаланып, ұлы жүз ауылдарына бүлік салып, малдарын тартып алып, қарсылық көрсеткен адамдарды сойылға жығады. Осындай сорақылықтың орын алғандығына реніш білдіріп капитан Перемышльский подполковник Карбышевты енді қайтып мұндай әрекетке жол бермеуге шақырады⁹⁶.

Сонымен, Ресей әскерінің бас штабының тікелей басшылығымен 1851 жылдың бас кезінен Алмалы қорғанын алуға үлкен мұқияттылықпен жүргізілген даярлық өз нәтижесін берді. Осы жылдың 7-ші маусым күні Карбышев бастаған отряд Алмалы қорғанының түбіне келіп жеткенде, оны қорғаушы қоқан әскер бөлімшесі ешқандай да қарсылықсыз бекіністі тастап кеткен еді. Ол жөнінде экспедиция бастығы Карбышев пристав Перемышльскийге “қарсылық көрсетуші Аққұлының ұлы Миятқұл бастаған

гарнизон қорыққандықтарынан Тойшыбек бекінісін тастап қашты, сөйтіп оны экспедициялық отряд кеше 7 маусым күні алып, қазір жою үстінде”⁹⁷ - деп баяндады.

Ескерерлік жағдай, генерал-адъютант Анненков Алмалы бекінісін орыс әскерінің алғаны туралы мәліметті Қытайға жеткізуді маусым айының орта тұсында Қапал арқылы Құлжаға өтетін полковник Е.П. Ковалевскийдің дипломатиялық миссиясына тапсырады⁹⁸. Бұл тапсырма орындалған болатын. Осы жылдың жиырмасыншы шілдесінде Құлжаға жеткен орыс миссиясымен Қытай билігі арасындағы келіссөз нәтижесінде Құлжа келісіміне қол қойылды. Іс жүзінде Ресейдің Жетісуға келіп орныққанын мойындаған Қытай мемлекеті мен Ресей арасында Жетісу арқылы өтетін тұрақты сауда қатынасына жол ашылды.

Алмалы қорғаны алынғаннан кейінгі Іленің арғы бетіндегі жағдай жөнінде Ташкент жақтан оралған Петропавл саудагері Тәжі капитан Перемышльскийге мынадай мазмұндағы хабар жеткізеді. Іленің батыс жақ бетіндегі дулат ауылдарының біраз бөлігі орыс әскер отрядының Алмалы қорғанын алуға келе жатқанын естіп, Шу өзенінен сол жақ бетіне өтіп кеткен. Дулат тайпасының Шымыр руының биі Жампозды қоқандық қыпшақтар қашуға көлік бермегені үшін өлтіріп кеткен. 1850 жылы Гутковский отрядына жасаған шабуылы үшін орыс әскерінен қаймығып Шудан асып Талас өзеніне жақын барған қасқарау, шапырашты және албан ауылдарының жылқыларын қоқан-қыпшақ қолдары айдап әкеткен. Сол Тәжі саудагердің дерегі бойынша Жетісу жерінен ығысқан қоқандықтардың біраз бөлігі Пішпек бекінісіне барып тоқтаған⁹⁹.

Алмалы қорғанының алынып, қиратылуы іс-жүзінде Жетісу өлкесінің қоқандықтардан орыс билігіне өткендігінің көрінісі болды. Іле өзенінің шығыс және батыс жақ беттері бірдей орыс билігінің құзырына өтті. Алмалы бекінісінің алынғаны жөнінде хабарды ала салысымен Ресей Сыртқы істер Министрі Нессельроде Батыс Сібір генерал-губернаторына Іленің батыс жақ бетіне орыс билігінің орнығуын қамтамасыз ететін шаралар қарастыруды бұйырады. Бұл уақытта Омбыға генерал-губернаторлық қызметке келген Гасфорд Іленің батыс жақ бетіне бекініс салып, оған “ұлы жүз жанындағы приставты көшіріп, оның қасында әскер отрядын ұстауды” ұсынады. Мұндай шара Гасфордтың пікірінше ұлы жүз арасында орыс билігінің беделін арттырып қана қоймады, сонымен бірге Жетісу арқылы Ташкент, Қытай және Қырғызстанға өтетін сауда жолдарының қауіпсіздігін нығайта түседі, сондай-ақ бұл өлкеге қатысты Англияның үмітіне де шек қоятын еді.

1854 жылы 4 ақпанда Николай I патша соғыс министрінің Іле өзенінің батыс жақ бетінде бекініс салуға кірісу жөніндегі ұсынысына “Келісемін, бекініс аты Верный болсын” деп жазып, артынша Іле және Шу өзендері бойында салынбақ әскері бекіністер тізбегі Ресей үшін “бірінші кезектегі маңызы бар және аса қажет іс” деген тұжырымын білдіріп, қолын қояды¹⁰⁰.

Патшаның шешімін ала салысымен майор Перемышльский бастаған отряд Іле өзенінен 45 шақырым жерде, Кіші Алматы өзенінің сол жақ жағасындағы Алматы тоғайлы шатқалындағы ескі елді мекеннің орнына жаңа Верный

бекінісін салуға кіріседі. Бірнеше ағаш үйлерден тұрған, сырты қоршаулы уақытша бекініс келесі 1855 жылдың басында-ақ даяр болады.

Жетісудың орыс билігіне өтуі белгілі дәрежеде ұлы жүз қазақтарының Ресей империясының құрамына ену мәселесін біржола шешкен оқиға еді. Ал ұлы жүз қазақтарының осы тарихи кезеңдегі саны жөнінде ресейлік деректерден мынадай фактілерді кездестіреміз: ауылдарының саны 1670, оларда 100 400 жан ер, 100 000 жан әйел жыныстағылар тұрған¹⁰¹.

1855 жылы 17 қаңтарда Омбыда генерал-губернатор алдында Ыстық көл қырғыздарының өкілдері он мың ошақтан тұратын отандастарының атынан Ресей билігін қабылдағандықтары жөнінде ант береді¹⁰².

Жетісу жерінің Ресей құрамына енуі Сібір казактарының жер көлемін анағұрлым ұлғайтып жіберген еді. Өз ретінде құзырындағы қазақ елін басқаруды жеңілдету мақсатында үкімет 1854 жылы 19 мамырдағы шешімімен Сібір қазақтарын екі облысқа, яғни Сібір қазақтарының облысы және Семей облысы етіп бөледі. Ендігі уақытта Семей облысына қараған ұлы жүз приставы жанынан Қапал әскер округы құрылып, осы уақытқа шейін станица атанған Қапал, енді округтық қала мәртебесіне көтеріледі. Осымен бір мезгілде ұлы жүз жанындағы пристав тікелей Жеке Сібір корпусы командиріне бағынбай, Семей облысы әскери губернаторына қарайтын болды. Тек төтенше жағдайда ғана ол Батыс Сібір генерал-губернаторы және Жеке Сібір корпусының командиріне төте шыға алатын еді¹⁰³.

1856 жылы 3 қарашадағы патша жарлығымен ұлы жүз жанындағы приставтық Алатау округі болып қайта құрылды. Соған байланысты округ бастығының қызметі “Алатау округының және ұлы жүз қазақтарының бастығы” аталатын болды¹⁰⁴.

Алатау округына қарайтын жердің шекарасы батыста-Қаратал өзенінің сағасынан Балқаш көлінің оңтүстік шетін қамтып, одан әрі Шу бойлап, оның жоғарғы бастауына дейінгі аралықты, ал шығыста-Нарын өзені және Қытай шекарасына дейінгі аралыққа созылды. Оның жер көлемі 152-277 шаршы верст болды¹⁰⁵. Округтың оңтүстік және солтүстік шекаралары ұзақ мерзімге шейін анықталған емес.

1857 жылдың басына қарай Алатау округы әскери-әкімшілік тұрғыдан өз ішінде үш округтан тұрды: Аягөз сыртқы округы-шекарасы батысында Лепсі өзені бойымен өтті, Қапал әскери округы-шығысында Лепсі және батысында Қаратал мен Көксу аралығында, сондай-ақ Алатау округы Қаратал мен Көксу өзендерінің батыс жақ беті¹⁰⁶.

1862 жылы жарияланған “Алатау округын басқару жөніндегі ереже” бойынша жаңа құрылған округ Семей облысы құрамына енді. Округ бастығына кең әскери азаматтық-әкімшілік және соттық билік берілді. Қызметі бойынша ол Семей әскери губернаторына тікелей бағына отырып, сонымен бірге төтенше жағдай туа қалған күнде оның Батыс Сібір генерал-губернаторы және жеке Сібір корпусы командиріне тікелей шығу құқы да болды.

Округ бастығының жанынан Алатау округтық басқармасы құрылып, оның құрамына бастықтың өзінен басқа оның көмекшісі (орыс офицерінен

тағайындалған), ұлы жүз қазақтарынан депутат, сондай-ақ үш аға сұлтан енді.

Округ бастығы жергілікті халықтың өміріне қатысты негізгі мәселелерді шешуге араласып отырды.

Бұл ретте ең маңызды мәселе, әрине, қоныс орны, жер дауы болды, сайланған болыс ісін меңгерушілерді бекітті¹⁰⁷. Дегенмен, 1867 жылы енгізілген әкімшілік реформаларына шейін ұлы жүз жерінде қазақ қоғамының ішкі өміріндегі негізгі тұлға аға сұлтан болды. 1865 жылдан бастап енгізілген салық жүйесін бақылау ісін де округ бастығы өз қолында ұстады.

Округ бастығы көмекшісі округ орталығындағы бекіністің әскери бастығы міндетін атқарды. Бұдан басқа ол Верный қаласындағы құрылысты жүргізді, сондай-ақ азаматтық сот шеңберіндегі қылмыстық істерді тергеу жұмысын атқарды.

Ұлы жүз қазақтарынан депутатты сұлтандар өз арасынан сайлады, ал ол өз ретінде үш аға сұлтан арасындағы байланысты реттеп отырды, сондай-ақ қазақ қоғамын округ бастығымен жалғастырушы міндетін орындауға тиіс болды. Қазақ қоғамына қатысты сот тергеу жұмыстары осы депутат арқылы жүргізілді.

Ресей үкіметінің Жетісуда орыс тұрғындарын қоныстандыру саясаты. Жетісуды отарлау Батыс Сібір әкімшілігі арқылы іске асырылды. Сол сияқты орыс адамдарының мұнда келіп қоныстануы да алғашқы кезеңде осы Сібір бағыты арқылы жүрді. Біріншіден, қоныстанушылардың саны мен қоныс аудару қарқыны мұндағы орыс билігінің орнығу сипатына сәйкес жүрді. Екіншіден, бұл процесті казак әскер күштері бастап, билік орындары олардың соңынан келген орыс шаруаларын да қаруландыруға жете көңіл аударды.

Жетісу жеріне орыс тұрғындарын қоныстандыру әрекеті алғаш рет 1832 жылы жасалынды. Осы жылы Батыс Сібір генерал-губернаторы Вельяминов Омбы облыстық бастығына Аягөз сыртқы округіне жүз казак отбасын келісімі бойынша қоныс аудартып, берілген жеңілдік ретінде оларды екі жылға әскер қызметінен босатуды тапсырды. Бірақ, бұдан кейінгі төрт жарым жыл ішінде Аягөзге бірде-бір казак отбасы келмеді.

1846 жылы үкімет Жетісуға қоныс аударушыларға жаңа жеңілдіктер белгілейді. Енді екі жылғы әскер қызметінен босату жөніндегі шешімге, осы екі жыл ішінде казактың өзіне, әйеліне және балаларына мемлекет тарапынан тегін азық-түлік, сондай-ақ атына жем алуға ақша бөлінетін болды. Міне осы шешімнен соң 1847 жылы басым бөлігі жеребе бойынша анықталған шекара казак әскері 9-шы полкінің 50-ден астам отбасы Аягөзге көшіріледі. Бұл отбасылар болашақ Жетісу казак әскери территориясындағы ең алғашқы Аягөз казак станицасын құрды. 1854 жылы Аягөз Қапал сияқты қала мәртебесіне көшірілді, ал 1860 жылдан бастап ол Сергиополь атанды¹⁰⁸.

1847 жылы Қапал өзені бойында салынған бекіністің жанынан казак поселкасын салу жөнінде шешім қабылданады. Оған да сол 9-шы шекара казак полкінің өз еркімен және басым бөлігі жеребе бойынша казактардың екі жүздігі отбасыларымен көшіріледі.

Олардың алғашқы тобы 1848 жылы 15 мамырда келіп, орын тебеді¹⁰⁹. Аягөз бен Қапалдың ортасына оларды жалғастыратын 12 казак пикеттері түсіп, почта қызметін атқара бастайды¹¹⁰.

Бұдан былайғы жылдар орыс билігінің оңтүстік-батысқа тереңдей еніп, жаңа бекіністер салып, олардың арасын байланыс жүйесін қамтамасыз ететін және почта қызметін атқарған казак пикеттерімен жалғастырып отырды. Жоғарыда баяндалған тәртіп бойынша, негізінен жеребе арқылы Верный бекінісіне де казак әскер адамдарын отбасыларымен қоныстандыру шаралары іске асырылды. 1855 жылдың жазында Верныйға Сібірдің Омбы, Тары, Шульби және Есіл округтарынан казак отбасыларының 199 адамынан тұрған алғашқы тобы келіп жетеді. Осы топ Верный бекінісі жанынан үлкен Алматы станицасы негізін қалайды. 1856 жылдан бастап мұнда (сауда және қол өнермен айналысатын) татар, ұйғыр, дүнгендер келіп орныға бастайды. Бұлар орналасқан аумақ Татар слободкасы аталып кеткен еді¹¹¹. Үлкен және Кіші Алматы станицалары мен Татар слободкасы болашақ Верный қаласының негізін құрды.

1856 жылы желтоқсан айында Верный жаңа құрылған Алатау округының орталығына айналды. Подполковник Г.А. Колпаковский Алатау әскер округының бастығы қызметіне тағайындалады¹¹².

1859 жылы ұлы жүз қазақтарын Шу қырғыздарымен жалғастыратын жолда Қастек бекінісі салынады. Бұл бекініс Ресей әскер бөлімдерін Қоқан хандығына бойлай еніп, Шу өңірі арқылы Әулие-Ата, Шымкент және Ташкентке шығып, Сібір және Сырдария бекіністер тізбегінің өзара байланыса жалғасуын қамтамасыз етуге тиіс болды. Осымен бір мезгілде орыс әскер күштері Сырдария бекінісі бағытынан Қоқан хандығын ығыстырып, бірсыпыра бекіністер салып үлгірген еді. 1853 жылы орыстардың Ақмешіт бекінісін алуы бұл процесті тездеті түскен оқиға болды.

Орыс қолдарының Шу өңіріне аяқ басуы, оның 1860 жылы қоқандықтардың Тоқмақ және Пішпек бекіністерін алып, талқандауы Қоқан хандығын шешуші шайқасқа баруға итермеледі. Қоқан және Ресей қолдарының Жетісудағы шешуші кездесуі 1860 жылы 21 қазанда ұзынағаш елді мекеніне таяу Қара Қастек өзенінің бойындағы алаңда өтеді.

Екі жақтық әскер күші жөнінде. Қанат-парваначи бастаған Қоқан хандығының қолының саны жөнінде ортақ пікір жоқ. Қайсыбір деректерде 10 мың¹¹², екінші бір деректерде 20 мың¹¹⁴, ал үшінші деректе 40 мың¹¹⁵ деген цифрлар аталады. Қалай болғанда да құрамында 12 мыңға тарта қоқандықтардан басқа жергілікті қазақ және қырғыз халықтарынан құрылған қолдар бар Қанатпарваначи әскерінің саны 15-20 мың адамның шамасында болса керек. Осы шайқасқа қатысқан Ахмет Кенесариннің көрсетуіне қарағанда, Қоқан жағындағы қазақ қолдарын бастаушылардың арасында Батырбек, Байзақ, Момынбек, Қожабек, Сыпатай, Сұраншы және Байсейіт батырлар, ал қырғыз қолдарын бастаушылардың қатарында Жантай манап, оның атақты ұлы Шабдан батыр болған¹¹⁶. Аристов өз еңбегінде қырғыздардан тағы да сарыбағыш Үмбетәлі және Бөлекбай Корчи деген

кісілерді атайды¹¹⁷. Бір ескерерлік жағдай бұл шайқасқа Қоқан жағында Кенесарының үш бірдей Ұлы Тайшық, Ахмет және Садық қатысады. Сөйтіп кезінде бітіспес жау болып шабысқан (1847) қырғыздар мен Кенесарының сарбаздары Қоқан әскері құрамында табысқан еді.

Н. А. Аристовтың көрсетуіне қарағанда 21 қазан күні Қара-Қастек өзенінің сол жағасында өткен шешуші шайқасқа тікелей қатысқан орыс қолы екі рота, екі казак жүздігі, бес пушка және екі ракеталық станоктан, барлығы 799 адамнан тұрған¹¹⁸.

Шешуші шайқастың тағдырын орыс артиллериясы шешкендігі айқын. Орыстар жағынан шығын 1 өлі, 26 жаралы солдат. Ал Қоқан жағының шығыны 1500 адам, оның ішінде өлгені 350 адам¹¹⁹. Ахмет Кенесарин орыс “артиллериясының берген соққысы нәтижесінде Қоқан қолы топалаң тигендей қырылды. Сарбаздардан өлгені 700 адам, ал одан басқа салт атты жігіттерден де құлағандары көп еді”¹²⁰, - деп жазды.

Жергілікті халық, Аристовтың көрсетуіне қарағанда “жаудың жағына өтіп кеткен немесе оның әрекеті сәтті жүре бастағанын күтіп, өтуге даярланған”¹²¹.

Ұзынағаш шайқасы жетілген соғыс қаруы артиллерияға сүйенген орыс әскери күшінің басымдығын анық танытты. Қара-Қастек өзені бойында мешеу экономика мен қоғамдық қатынастарға негізделген отаншылдық рух емес, салыстырмалы түрде даму жолында тұрған өндірістік қатынастар мен қару күшіне сенген өктем саясат жеңді. Сондай-ақ бұл шайқас Орталық Азияны өз құзырына бағындыруға бет алған Ресейді тоқтата аларлық күштің жоқтығын да байқатты.

1862 жылдың соңына қарай орыс әскері Тоқмақ пен Пішпектегі Қоқан бекіністерін бір жола жойып жіберді. Осы жылы Шу бойындағы қырғыздар орыс билігін мойындап, әкімшілік тұрғыдан Ыстық көл қырғыздарымен бірге Алатау округына қарады.

1866 жылы, яғни 1867-1868 жж әкімшілік басқару реформасы қарсаңында Алатау округы құрамындағы 25 313 отбасы ұлы жүз қазақтары 31, ал 14 753 отбасынан тұрған қырғыз елінің бұғы тайпасы 17 болыстыққа бөлінді¹²². Қырғыз елінен бұғылардан басқа орыс билігін Шу бойындағы чирик руы да қабылдады, бірақ олардың бұл кездегі саны жөнінде мәлімет жоқ.

Ескертулер

1 Материалы по истории политического строя Казахстана. Т.1. Алма-Ата, 1960. С. 52-53.

2 Сонда. 53-б.

3 Сонда. 53-54-бб.

4 Қараңыз: Мұқаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920). Алматы, 2000. 75-81-бб.

5 Сонда. 76-77-бб.

6 Өтеміс Ж. өлеңдері //МҮра. Ғрімші, 1987, ғ 4. 20-б.

7 Узбекистоннинг янги тарихи. Биринчи китоб. Туркистон чор Россиясы мустамлакачилиги даврида. Ташкент, 2000. 41-43-бб.; Зиеев Х. Туркистонда Россия тажовузи ва хукмронлигига қарши кураш. Ташкент, 1998. 82-83-бб.

- 8 Сонда. 41-42-бб.
- 9 Сонда. 42-б.
- 10 Солтоноев Б. Кызыл кыргыз тарыхы. 1 китеп. Бишкек, 1993. 176-181-бб.
- 11 Аристов Н.А. Усуни и кыргызы или кара-кыргызы. Бишкек, 2001. С. 472-473.
- 12 Сонда. 473-б.
- 13 Леденев Н. История Семиреченского казачьего войска. 1908. Рукопись. С. 58-59; Румянцев П.П. Уезды Жетысу. Алматы, 2000. С. 39; Абрамов. Реки Каратал с ее окрестностями. Записки географического общества по общей географии. 1867. Т. 1. С. 273-274.
- 14 Леденев Н. Аталған еңбек. 57-58-бб.; Румянцев П.П. Аталған еңбек. 40-41-бб.
- 15 Аристов Н.А. Аталған еңбек. 485-б.
- 16 ҚР ОММ. 374-қ., 1-т., 1023-іс, 3-5-пп.
- 17 Сонда. 9-10-пп.
- 18 Аристов Н.А. Аталған еңбек. 473-474-бб.
- 19 ҚР ОММ. 374-қ., 1-т., 1669-іс, 8-8 об. пп.; Аристов Н.А. Аталған еңбек. 474-б.
- 20 ҚР ОММ. 374-қ., 1-т., 1222-іс, 1-1 об. пп.
- 21 Сонда. 2-2 об. пп.
- 22 Сонда. 6-7-пп.
- 23 Сонда. 1023-іс, 3-5 об. пп.
- 24 Сборник материалов для истории Завоевания Туркестанского края 1847. Сост. Серебренников А.Г. Ташкент, 1914. 254 с.
- 25 Сонда. 1-қ., 1-т., 6-іс, 227-п.
- 26 Очерки Заилийского края. Записки императорского русского географического общества. 1861. Кн. 4. С. 93.
- 27 Хан Кене. Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. Алматы, 1993. 146-б.
- 28 Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова. Сб. документов. Алматы, 1996. С. 450.
- 29 Сонда. 442-443-бб.
- 30 Сонда. 443-б.
- 31 Сонда.
- 32 Леденев Н. Аталған еңбек. 66-б.
- 33 Сонда. 453-б.
- 34 ҚР ОММ. 374-қ., 1-т., 1669-іс, 1-3-пп.
- 35 Национально-освободительная борьба С. 444.
- 36 Сборник материалов для истории завоевания Туркестанского края. С. 237-339.
- 37 Национально-освободительная борьба С. 444.
- 38 Сборник материалов для С. 200.
- 39 Сонда. 199-200-бб.
- 40 Леденев Н. Аталған еңбек. Рукопись. С. 65-66. 41
- 41 ҚР ОММ. 374-қ, 1-т., 1669-іс, 53-53 об. пп.

- 42 Сонда. 59-59 об. пп.; Национально-освободительная борьба казахского народа... . 446-б.
- 43 Сборник материалов для С. 276.
- 44 Аристов Н.А. Аталған еңбек. 476-478-бб.
- 45 Сборник материалов для истории завоевания Туркестанского края. С. 253-254.
- 46 Национально-освободительная борьба Казахского народа под предводительством Кенесары Касымова. С. 452.
- 47 Сборник материалов для С. 276.
- 48 Сонда. 250-б.
- 49 Сонда. 244-б.
- 50 Сонда. 244-245-бб.
- 51 Сонда. 270-271-бб.
- 52 Хан Кене... . 146-148-бб.
- 53 Леденев Н. Аталған еңбек. 68-б.
- 54 ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 47-іс, 1-1 об., 4, 4 об. пп.
- 55 Леденев Н. Аталған еңбек. 69-б.; Аристов Н.А. Аталған еңбек. 474- б.
- 56 Леденев Н. Аталған еңбек. 68-б.; Ивлев Н.П. И оживают биографии. Алма-Ата, 1983. С. 109.
- 57 Сонда. 70-б.; Румянцев П.П. Уезды Жетысу. Алматы, 2000. 63-б.
- 58 ҚР ОММ. 43-қ., 1-т., 3-іс, 13 об. п.
- 59 Аристов Н.А. Аталған еңбек. 474-б.
- 60 ҚР ОММ. 3-қ., 1-т., 341-іс, 2-4-пп.
- 61 Сонда. 1-іс, 18-21-пп.
- 62 Сонда. 5 об. п., 2-іс, 2-7-пп.
- 63 Сонда. 1-іс. 5 об. п.
- 64 Сонда. 2-іс, 6-7-пп.; 1-іс, 5-5 об. п.
- 65 Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. М., 1957. С. 134.
- 66 ҚР ОММ. 3-қ., 1-т., 2-іс, 29-30-пп.
- 67 Леденев Н. Аталған еңбек. 69-б.
- 68 Аристов Н.А. Аталған еңбек. 474-б.
- 69 Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты (бұдан былай - ӨР ОММ). 1-қ., 14-т., 56-іс, 28-п.
- 70 Аристов Н.А. Аталған еңбек. 478-б.
- 71 ҚР ОММ. 3-қ., 1-т., 3-іс, 1-2-пп.
- 72 Аристов Н.А. Аталған еңбек. 474-б.
- 73 Хан Кене. Тарихи толғамдар. 146-б.
- 74 Аристов Н.А. Аталған еңбек. 476-б.; Хан Кене. Тарихи толғамдар. 146-148-б.
- 75 Аристов Н.А. Аталған еңбек. 474-б.
- 76 Сонда. 475-б.
- 77 Сонда.
- 78 ҚР ОММ. 3-қ., 1-т., 2-іс, 4-п.
- 79 Сонда. 5-5 об. п.
- 80 Сонда. 7-8-пп.

- 81 Сонда. 6-6 об. пп.
- 82 Сонда. 15-15 об. пп.
- 83 Сонда. 10-11 об. пп.
- 84 Сонда. 20-21-пп.
- 85 Сонда. 18-п.
- 86 Сонда. 19-п.
- 87 Сонда. 29-30-пп.
- 88 Сонда. 23-23 об. пп.
- 89 Сонда. 47, 49, 50-пп.
- 90 Сонда. 52-53-пп.
- 91 Сонда. 51, 51 об., 56-п. 42
- 92 Аристов Н.А. Аталған еңбек. 476-б.
- 93 ҚР ОММ. 3-қ., 1-т., 2-іс, 58-п.
- 94 Сонда. 3-іс, 5, 5 об., 7, 8-пп.
- 95 Сонда. 1-2-пп.
- 96 Сонда. 3-4-пп.
- 97 Сонда. 6-п.
- 98 Сонда. 6-8-пп.
- 99 Сонда. 7-8-пп.
- 100 Горячева А.А., Фришман Л.С. Заря над Семиречьем. Алматы, 1987. С. 36.
- 101 Аристов Н.А. Аталған еңбек. 475-б.
- 102 История Киргизского ССР. Т. 2. Фрунзе. 1986. С. 65.
- 103 ҚР ОММ. 3-қ., 1-т., 546-іс, 7-8 об. п.; Румянцев П.П. Уезды Жетысу. Алматы, 2000. С. 64.
- 104 Второе полное собрание Законов Российской империи. СПб., 1856. Т. 31. Отделение 1-ое. С. 973.
- 105 Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии. М., 1980. С. 151.
- 106 Леденев Н. Аталған еңбек. 147-148-бб.
- 107 ҚР ОММ. 3-қ., 1-т., 501, 616, 618, 625-істер.
- 108 Леденев Н. Аталған еңбектер. 97, 99-бб.
- 109 Сонда. 99-б.
- 110 Румянцев П.П. Уезды Жетысу. С. 43.
- 111 Горячева А.А., Фришман Л.С. Аталған кітап. 41-42-бб.
- 112 Сонда. 44-б.
- 113 Шабдан батыр. Бишкек, 1992. 8-б.
- 114 Аристов Н.А. Аталған еңбек. 497-б.
- 115 Хан Кенесары. 1992. 130-б.
- 116 Сонда. 130-131-бб.
- 117 Аристов Н.А. Аталған еңбек. 497-б.
- 118 Сонда. 497-б.
- 119 Сонда. 498-б.
- 120 Хан Кенесары. 130-б.
- 121 Аристов Н.А. Аталған еңбек. 498-б.
- 122 ӨР ОММ. 1-қ., 27-т., 717-іс, 2-2 об. пп. 43